



БАЛАЛАР
НЕГЕ ҚАТЫГЕЗ
БОЛЫП
БАРАДЫ?

2-бет



«БИЗНЕС
ПО-КАЗАХСКИ»:
КӨРЕРМЕНДІ
АЗДЫРЫП БІТТІ!

5-бет



ЗАРУБЕЖНЫЕ БИЗНЕСМЕНЫ
ВЫСТРАИВАЮТСЯ
В ОЧЕРЕДЬ ДЛЯ ПОКУПКИ
УНИКАЛЬНОГО
КАЗАХСТАНСКОГО
«ОДУВАНЧИКА»

12-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№3 (821), 25 қаңтар, 2019

Азат ПЕРУАШЕВ:

МЕКЕМЕ АТАУЛАРЫНА АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕСІМДЕРІН БЕРУ КЕРЕК



АШЫ ДА
БОЛСА,
ШЫНДЫҚ...

Ардақты ағалар
туралы үзік сыр

– Жүсеке, ассалаумағалейкүм! –
дедім қол созымда кідіріп.
Қиыс өте берген Жүсекең қалт
тоқтап, маған жалт қарап:
– Ә, Ғаббас, сенбісің!
Уағалейкүммәссалам! Мұнда
неғып жүрсің? – деді.

8-9
бет



Аталған 750-дей арыстың тізімі жасалып, тіпті, олардың қай өңірде дүниеге келгені, қандай қызмет атқарғаны да анықталды. Бұл жинақталған тізім әкімдерге жіберілді. «Алаш арыстарын ұлықтау – ешбір басқа этносқа қарсы бағытталған бастама емес. Керісінше, біздің ойымызша, Алаш мұраты бүкіл қазақстандықтарды біріктіріп, еліміздің нағыз ұлттық идеясына айналуы тиіс», – делінген ресми хатта.

4
бет

«Я НЕ КОНЫСБАЙ» - ИӘ, СЕНІҢ ҚОНЫСБАЙ БОЛУҒА ХАҚЫҢ ЖОҚ! ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ АТА ТЕГІНЕН САДАҒА КЕТ! Ұлттық ата текті қорлаған жартылай қорғаушы Ұлттық мүддені қорғай ала ма?

Таяуда «Қазақ үні» сайтында «Я не Конысбай»: Қазақ футболшысы Ұлан Қонысбаев тегін қазақшалауға қарсы шықты» деген мақала шықты. Жолда болып, оның үстіне тұмауратып, жұмыс істей алмағасын кезінде жауап қата алмадым. Ал бұл «ОВ-ОВА», «ОВИЧ-ОВНА» деген отарлық құлдық жалғаудан құтылуды ширек ғасырдан бері насихаттап жүрген мен үшін үнсіз қалатын мәселе болмай тұр.

5
бет



«ТҮРКІСТАН – ЕКІ ДҮНИЕ ЕСІГІ ҒОЙ»

Бүгінгі таңда Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы болып қайта құрылды, оның бұрынғы орталығы Шымкентке Астана мен Алматы қатарында «республикалық мәртебе» берілді. Өзіміз «күллі түркі дүниесінің рухани астанасы» атап жүрген Түркістан осы жағдайға байланысты қайта түлеп, күрт жаңғыру үстінде.

6
бет

КИТАЙСКО-АМЕРИКАНСКОЙ ВОЙНЫ НЕ БУДЕТ. МОЖНО ЛИ НАМ РАССЛАБИТЬСЯ?

В течение 2018 года Китай не раз оказывался в роли ньюсмейкера в разных масштабах, будь то противостояние с США или разные не всегда позитивные истории во взаимоотношениях с Казахстаном.



11
бет

ЖАСТАР ЖЫЛЫ САЛТАНАТТЫ АШЫЛДЫ

ҚР президенті Нұрсұлтан Назарбаев Жастар жылының салтанатты ашылу рәсіміне қатысып, жиынға қатысушыларды Жастар жылының ашылуымен құттықтап, бұл шараның келешек ұрпақ үшін маңызы зор екенін атап өтті.

— Жастар — еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы сіздерге — сіздердің білімдеріңізге, күш-жігерлеріңіз бен патриоттық сезімдеріңізге байланысты. Қазір қолға алынған жұмыстардың бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз, сондай-ақ өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық жүзеге асыра алу үшін атқарылып жатыр, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті ірі қалалардағы жас отбасылардың тұрғын үй проблемаларының өзектілігін атап өтіп, бұл мәселені шешу үшін тұрақты кіріс болу керектігін, сондай-ақ, адамның жақсы тұрмысының негізгі көзі — жұмыс екенін айтты.

— Өткен жылы Қазақстанда орта мектепті 125 мыңнан астам жас түлек бітіріп шықты. Келешекте еңбек нарығына шығатын жастардың саны арта түспек. Қазіргі уақытта елімізде 300 мыңға



жуық адам немесе жастардың 9 пайызы оқуға және еңбекке тартылмаған. Бұл санатқа жататын жастардың санын азайтуға септігін тигізетін тиімді шаралар қабылдау қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев техникалық және кәсіби білім беру жүйесін сапалы дамытудың негізгі басымдықтарына арнайы тоқталды.

— «100/200» қағидаты негізінде «Жас маман» бағдарламасын әзірлеу қажет. Үш жыл ішінде бұл жоба еліміздің барлық өңірі бойынша 200 мыңға жуық жас азаматты қамтитын болады. Осы

жоба аясында жаңғыртылған 200 оқу орнының базасында сұранысқа ие 100 индустриялық және қызмет көрсету мамандықтары бойынша кадрлар даярлау іске асырылады, — деді Қазақстан Президенті.

Соңында Мемлекет басшысы Үкімет пен жергілікті атқарушы органдарға арнайы Жол картасын әзірлеуді тапсырды. Бұл жас қазақстандықтарды қол жетімді әрі сапалы білім, жұмыс, тұрғын үй және отбасын құру жөніндегі маңызды қажеттіліктермен қамтамасыз етуді көздеген нақты қолдау шараларын қамтуға тиіс.

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ АВТОБАНҒА ҚАРСЫ ШЫҚТЫ

Қазақстанға цемент-бетонды төсемі бар жолдар қажет емес. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Жәніс Қасымбектің атына сауал жолдаған Мәжіліс депутаты Кеңес Әбсатыров осындай мәселе көтерді.



«Еуропада бетонды төсем біршама жайлы болуы мүмкін. Алайда, күрт өзгермелі құрлықтық климаты бар Қазақстан үшін мұндай ерекшелігі бар жаңа жолдар көптеген адам өліміне әкеп соқтыратын жол-көлік апаттарына әкеледі. Бетонды төсемі бар жоғары жылдамдықты мұндай жолдардағы көктайпақ салдарынан Астана-Шучье, Астана-Қарағанды, Алматы-Қапшағай сынды жаңа автомобиль жолдарында көлік апаттары тұрақты орын алып отырады», — деді Әбсатыров. Оның атап өтуінше, мұндай автомагистральдарды күзгі-қысқы маусымда пайдаланудың елеулі кемшілігі

анықталды. Мәселен, аяздың түсуімен бетонды төсем мұз айдынына айналады. Естеріңізге салсақ, осыдан бір жыл бұрын «Ақ жол» фракциясының депутаттары да бұл мәселені көтеріп, автомобиль жолдары стандартын қайта қарауды ұсынған еді. Депутаттардың сауалына жауап берген министрлік цемент-бетонды төсемнің көктемгі-күзгі және қысқы маусымдарда онтүстікте де, солтүстік өңірде де проблема туындататынын мойындаған болатын. Бұл кемшілікті жою үшін жолдың тайпақтығын жою арнайы қоспа әзірлеу үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарының басталғанын да мәлімдеген-ді. Бірақ, содан бері бір жыл өтсе де мәселе сол күйінде қалып отыр.

БҮГІНГІ ЖАСТАР ЖАСАМПАЗ



Медет КАМАЛҰЛЫ,
Алматы инновациялық техникалық колледжінің директоры:

Әу бастан Елбасының жастарға деген қамқорлығы ерекше. Өйткені, жастар қашан да қоғамның қозғаушы күші болып табылады. Сондықтан да жастар саясатын қалыптастыруға, олардың өзекті мәселелерін шешуге мемлекет тарапынан ұдайы көңіл бөлініп келеді. Қоғамның маңызды бөлігін құрайтын жастарға үлкен мүмкіндіктер берілген де. Биылғы «Жастар жылы» әрбір жас буынға серпіліс берері сөзсіз. Бүгінгі жастар креативті пікірге ие. Шыны керек, қазір жастар арасында соңғы инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жобалар ұсынып жүргендері аз

емес. Түрлі жаңа технологияның игіліктерін біліп, көріп жүрген де солар. Инновациялық жобаларды халықаралық деңгейдегі сайыстарға қатыстырып, арнайы грант ұтып алған жастар қаншама?! Баланың бәрі талантты, білім алуға құштар. Алайда, олармен жұмыс істеп, білім мен ғылымға деген қызығушылығын ашып, арттыру керек. Құдайға шүкір, қазір біздің оқушыларымыз түрлі байқауларда бақ сынап, жүлделі орындарға ие болуда. Мұның өзі ұстаз үшін абырой.

Өткен жылы Алматыда ТМД елдері тарихында тұңғыш рет футболдан студенттер арасында әлем чемпионатының жалауы желбіреді. Теңбіл доп додасының біздің шаһарда өтуінің басы-қасында болып, өз септігімізді қосып, оның ұйымдастырылу жағында жүрдік. Жыл сайын мектеп оқушылары арасында «Робототехника» сайысын өткіземіз. Шахматшы Жансая Әбдімәлік біздің колледжіміздің 3-курс студенті. Үстіміздегі жылы Жансая Әбдімәлік атындағы Шахмат академиясымен бірігіп республикалық шахмат турнирін өткізуді жоспарлап отырмыз.

БАЛАЛАР НЕГЕ ҚАТЫГЕЗ БОЛЫП БАРАДЫ?

Түркістандағы мектеп оқушылары арасындағы әлімжеттік үшін мұғалімдер ғана емес, ата-аналар да жауапқа тартылуы мүмкін. Қазір арнайы органдар оқиғаның себебін анықтап жатыр.

Күш қолданғандар да, таяқ жегендер де 9-сынып оқушылары. Әлеуметтік желіде тараған бұл бейнежазба арқылы оқиғаның Түркістан қаласында түсірілгені анықталды. Бір топ бала бірнеше жасөспірімді тепкілеп, ұрып-соғып, балағаттаған. Кейбірінің қолында темекі, «тіліңе басамын» деп, әлімжеттік жасаған. 18-ші қаңтар күні болған бұл жағдайды полициялар видео тарағаннан соң анықтады. Түркістан қалалық білім бөлімі басшысының айтуынша, жайсыз жағдай 9-сыныптың оқушылары арасында болған. Қаладағы үш мектептің 8 баласы көрші мектептің үш ұлын көшеден

әкетіп, жәбірлеген. Мектеп мұғалімдері бұл жағдай сабақтан тыс уақытта, мектептен аулақ жерде болғанын айтып ақталды. Бірақ, бұл білім беру орындарының жауапкершілігін азайтпайсы анық. Ал, заңға сүйенген шымкенттік белгілі адвокат Дәурен Момбаев бұзақылық жасағандардың ата-анасы да жазаланатынын айтады. Оның айтуынша, ҚР ҚК 140-бабымен тартылып, кінәлі деп саналып, сотталуы мүмкін. Ол осы бап бойынша 120 АЕК пен айыппұл салынады немесе 30 күнге дейін қамалады. Осы бейнежазбаны жазған адамдар да жауапкершілікке тартылуы мүмкін екен. Қазір бұл іспен полиция айналысып жатыр. «Топ болып бұзақылық жасау» бабымен іс тергеуге алынған. Ал, мектептерді арнайы комиссия тексеріп жатыр. Жастардың бойында осыншама қатыгездік қайдан пайда болды? Бұл басты сұрақ, біз алдымен осыған жауап іздеуіміз керек.

«МҮЙІЗ МАФИЯСЫН» КІМ ТОҚТАТАДЫ?

Атырау облысында мүйізін кесіп кеткен 10 киіктің денесі табылды. Онысыз да тұқымы құрып бара жатқан дала тағысын еш аяусыз ату оқиғалары жиілеп барады.

Тұяқты жабайы аңдарды және киіктерді қорғау аясында жүргізілген шара барысында 10 киіктің денесі табылып, мүйіздерін кесіп әкеткені белгілі болды. Өңірлік полиция департаментінің мәліметінше, оқиға орнына Махамбет ауданы АІБ жедел тергеу тобы жіберілген. Айта кетейік, қаңтар айының 14-і күні Қарағанды облысында браконьерлер «Охотзопром» инспекторын өлтіріп кеткен болатын. Осы қылмысқа байланысты үш күдікті ұсталды. Бұл оқиға елеусіз қалған жоқ, әлеуметтік желіде қатаң сынға алынды. Әйтсе де қылмыстың бұл түрі тоқтар емес.

ТЕМЕНОВТИҢ ТУЫҢДЫСЫ «ҮЗДІК БАЛАЛАР ФИЛЬМІ» СЫЙЛЫҒЫНА ИЕ БОЛДЫ

Талғат Теменовтың «Біздің қаланың ханзадасы» атты туындысы Бангладеш Республикасының Дакке қаласында өткен 17-халықаралық кино фестивалінде «Үздік балалар фильмі» сыйлығына ие болды.

«Біздің қаланың ханзадасы» — бұл Бибол есімді ерекше бала мен профессор, музыкант-Қасымхан шал туралы әсерлі оқиға. Фильмнің өн бойындағы көктей өтетін сюжеттің негізгі желісі — өзгелерге өмірлік үлгі бола білген бала мен қарттың кездейсоқ кездесуі болып та-

былады. Адамның рухани және адамгершілік қасиеттерінің арқасында ғана шын бақытқа жетуге болады. Бұл фильмдегі оқиғаларға ерекше драматизм беріп тұрған нәрсе бір-біріне мүлде бөтен бас кейіпкерлердің сонында етене жақын болып кетулері. Және оларды ешнәрсе де ажырата алмайды. Фильм 2015 жылы өндіріске жіберілді.

«Біздің қаланың ханзадасы» фильмі — адамның адамгершілік қасиеттерінің арқасында ғана шын бақытқа жетуге болатынын көрсеткен.

Фильм 2018 жылдың қазан айында прокатқа шыққан болатын.



СОТ ТӨРАҒАСЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛАДЫ

Жоғарғы сот заңға облыстық сот төрағалары екі мерзімнен артық отырмайтындай өзгеріс енгізбекші. Өйткені, бір рет төраға болған судья қайта-қайта би бола берсе, ол бара-бара командалық басқару әдісіне көшеді. Бұл жөйт судьялардың тәуелсіз шешім қабылдауына зиянын тигізеді.

— Бізде заңгерлер 30-35 жасында облыстық соттың төрағасы болады. Сол күйі 65-ке дейін төраға болып жүре береді. Ешқандай шектеу жоқ. Төрағалық қызмет екі реттен аспау керек деген талапты қойып отырмыз. Бұдан былай судьялық қызметке орналасуға талап күшейтілмек, — деді ҚР Жоғарғы сотының төрағасы Жакып Асанов.

Жоғарғы сот сөйтіп ессе жаза алмайтын, құжатты дұрыс толтыра алмайтын сауатсыз билерден осылай құтылмақшы. Ал заңды жетік меңгерген мамандарға керісінше мүмкіндікті көбейтпек. Асановтың айтуынша, ондай мықты мамандар үкіметте, парламентте немесе ірі компанияларда жүр. Ал сот жүйесіне қызықпайтын себебі, аудандық деңгейден бастау керек. Оның үстіне, судьялардың мойнына түскен жүктеме көп. Әр судья күніне 10 шешім қабылдайды. Сондықтан кадр таңдауға талап қатаң. Оның нәтижесі де жоқ емес. Жыл сайын 150 адам осы жұмысқа қабылданып келсе, былтыр тек 29 адам ғана судья атанған.

Жыл сайын аудан, қала, облыс әкімдері халық алдында есеп беріп, атқарылған жұмыстары жайында баяндайтыны баршаға аян. Бұл жақсы үрдіс, әкім халыққа қызмет етіп, соның алдында жауапты болуы керек. Өткен жылды қорытындылаған әкімдердің есеп беру науқаны биыл да басталып кетті. Сондай кезекті жиынның бірі Алматы қаласы Алатау ауданында өтті.

ХАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ - ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БЕЛГІСІ



сол болды. Бастысы әкім жұртпен ашық әңгімеге ниетті екенін көрсетті.

Аудан әкімі Шахмерден Рыспаевтың әдемі баяндамасында мін болмағанмен тұрғындарды толғандыратын мәселе әлдеқайда көп болып шықты. Оны аудан тұрғындары ашық та ашына айтты. Соның кейбіреулеріне ғана тоқтала кетелік. Жаңадан құрылған «Ұлжан», «Дархан» секілді ықшамаудандарға 2017 жылы су және кәріз құбырларын жүргізуге қомақты қаржы бөлініп, тендер атты тажалды ұтып алған мердігерлерге жүктелгенмен бұл жұмыстар осы күнге дейін аяқталмағаны алдымен айтылды. Жүйе 2017 жылдың соңында пайдалануға тапсырылуы тиіс-ті. Бұл туралы өткен жылғы есеп беру жиынында да айтылған-ды. Тұрғындар телеарналарды шақыртып шулатқанмен мәселе өз шешімін таппай келеді. Осыған қатысты «сыныққа» айтар сылтаулар да жеткілікті. Біріншіден жүздеген үйлер есепке алынбай қалған, соған байланысты қаржы жетпей қалыпты. Сонда қалай болған, тапсырыс берген әкімдік мамандары айналдырған 3-4 мың үйдің санына жете алмағаны ма? Ал, қаладан бір жұмысқа қайта-қайта қаржы бөліне бермесі белгілі. Оған қоса құрылыс жұмыстарына қала, аудан тарапынан бақылау нашар жасалған, мердігерлер ойына келгенін істеген, құрылыс жұмыстарын сапасыз жүргізген. Осы құрылыс нысандарын қала өз балансына алды ма, жоқ па, оны да анықтау қиын болып отыр. Жиналысқа келген қала коммуналдық қызметі мамандары мінгірлеп дұрыс жауап бере алмады. Алдық дейін десе құрылыс аяқталмаған, алмадық дейін десе құжат бойынша қабылданып қойғанға ұқсайды. Қабылдап алса ол неге пайдалануға берілмейді? Бюджет қаржысы босқа кеткені ме? Бұл жұмыс халық игілігіне емес, жоғары жаққа қағаз жүзінде есеп беру үшін жопарланған ба? Дегенмен, бітпеген құрылысты қабылдауға олардың басы екеу емес шығар. Бұл жерде бір құпия жатқан секілді. Осы құрылысқа тапсырыс беріп қабылдап алушы қала басшылығы от пен судың ортасында қалғандай әсерде. Ең сорақысы, кәріз құбырларын жүргіземіз деп кезінде жап-жақсы жүргізілген асфальт жолдарды талқандап кетті. Қазір шұрық-тесік жолдармен жүрудің өзі үлкен азапқа айналды. Артық қыламыз деп тыртық қылды деген осы шығар.

Бес-алты жылдан бері шешімін таппай келе жатқан қоқыс шығару мәселесі де қызу көтерілді. Әкім бұл қызметтің неге қымбат екенін түсіндіргісі келгенмен тұрғындар илана қоймады. Елбасының тапсырмасын білетін жұртшылық қызмет бағасын қалайда түсіру керектігін талап етті. Мысалы, бұл саладағы кәсіпорындар әрбір үйде нақты тұрып жатқан адам басына емес, тіркеуде тұрғандардың бәріне ақша төлетуде. Айталық, бір баласы өзімен бірге тұрса қалған екі баласы отбасымен пәтерде жүр делік. Сонда тіркеуде тұрған бала-

лары мен немерелері үшін үй иесі ақша төлеуге тиісті ме? Олар коқыстарын әке-шешесінің үйіне әкеліп жатқан жоқ қой. Мұндай санаға сыйымсыз әдісті біздің тойымсыз кәсіпкерлер ғана ойлап табуы мүмкін. Өйткені, оларды бақылайтын, қызметтерін реттеп отыратын біздің жауапты орындар жұмыс істемейді. Еліміздегі монополияға қарсы қызмет саласы мұндай кемшіліктер мен заң бұзушылықты көрсе де көрмегендей кейіп танытады. «Кәсіпкерлерден пара алған соң оларға бағаны түсір деп ештене айта алмайды» – деген көпшіліктің пікірі шындыққа жанасатын секілді. Егер бұл сала қызметі дұрыс жұмыс істесе тұрғындар тарапынан ешқандай арыз айтылмас та еді. Елбасы тапсырма беріп еді электр, су, газ, жанармай бағасы сәл де болса арзандап жатыр. Ал осы жұмысты монополияға қарсы қызмет саласы бұрындар істеу керек еді, солардың тікелей міндеттері емес пе? Қампифан штатын қаржыландырып отырған халықтың қалтасын қағуға кәсіпкерлерге мүмкіндік беріп отырған мұндай органды таратып жібергеннің өзі дұрыс шығар...

Бүгінгі күні аудан толықтай газбен қамтылды деуге болады. Оған да қала бюджетінен қаржы бөлінді. Бірақ, осы салаға айтар арыздар аз емес. «Алматыгаз» мекемесінің қызметі көптеген қиындықтарды қолдан жасап жатқанын жұрт ашық айтты. Газдың бағасы ұдай екені өз алдына, есептегіш құралдарының уақыты өтіп кетті деп шығыған шілде айында үй жылытқындар деп әрбір шаршы метр үшін ақша ұстаған кәсіпкерлердің өкілін тұрғындар жерден алып жерге салды. Олардың да жауабы жұртты иландыра алмады. Газ есептегіштерді ауыстыруды тұрғындардың мойнына іліп қойған кәсіпкерлер өз кінәсін мойындағысы да келмеді. Халықтың арқасында миллиардтап пайда тауып жатқанын қаперіне де алмады.

Тұрғындар бұдан басқа қоғамдық көлік пен медицина қызметі, қоғамдық тәртіп бұзушылық, оның ішінде ұрлық-қарлық белең алғанын атап көрсетті. Ашық әңгіме барысында төрт көздері түгел жиналған аудан басшылары мен қала қызметі өкілдеріне талап-тілек аз айтылған жоқ. Сонымен қатар, күнделікті тұрмыстық сурақтардан басқа, ықшамаудандардағы жергілікті өзін-өзі басқару комитет төрағаларын халықтың өзі сайлау және олардың тұрғындар алдында есеп беру керектігі сөз болды. Бұл мәселе соңғы жылдарда алғаш рет көтеріліп отырғанын айта кетуіміз қажет. Халық жоғарыдан тағайындалған емес, өздері сайлаған төрағаны көргісі келеді. Бұл тұрғындардың белсенділігінің арта бастағанын көрсетеді. Жоғарыдан нұсқау күтпей көптеген мәселелерді өздері шешуге ұмтылған ниеттерін тек қана құптауға болады. Халық белсенділігінің артуы қоғам дамуына оң ықпал етері де сөзсіз.

• Дүбірлі дүние

АҚШ НАТО ҚҰРАМЫНАН ШЫҒА АЛМАЙДЫ

АҚШ конгресі елдің НАТО-дан шығуына мүмкіндік бермейтін заң жобасын қабылдады. Заң жобасын көпшілігі демократтардан құралған өкілдер палатасының 357 мүшесі қолдады. Республикашыл 22 конгрессмен қарсы дауыс берді. Құжат енді республикашылдар көпшілік орынды иеленген сенат қарауына түсті.

Дауыс беру қарсаңында өткен баспасөз мәслихатында демократ конгрессмендер баспасөзде президент Дональд Трамптың АҚШ-ты НАТО құрамынан шығару ниеті бары жариялана бастағанына алаңдаған. New York Times басшылығы өткен аптада АҚШ үкіметіндегі дереккөзіне сілтеме жасап, 2018 жылы Трамп жеке кездесулерінде АҚШ-ты НАТО құрамынан шығарғысы келетіні туралы бірнеше рет айтқанын хабарлаған.

Басылымдағы ақпараттан соң республикашылдар мен демократтар дайындаған заң жобасы АҚШ сенатына қайта ұсынылды. Құжат президенттің елді НАТО құрамынан сенаттың келісімінсіз шығаруына тыйым салады.



ВЕНЕСУЭЛА РЕВОЛЮЦИЯ ҚАРСАҢЫНДА ТҰР

Венесуэла оппозициясының жетекшісі әрі парламент спикері Хуан Гуайдо 23-қаңтарда елдегі жаппай наразылық кезінде өзін уақытша президенттің деп жариялады.

Венесуэла халқ президент Николас Мадуроның екінші мерзімге президент болып сайлануына қарсылық танытып, жаппай көшеге шықты. Наразылық акциялары Венесуэланың бірнеше ірі қаласында өтті.

Мадуро 2018 жылдың мамыр айында өткен сайлауда формальды түрде жеңіске жетіп, 10-қаңтарда ресми түрде қызметіне кіріскен. Бірақ Мадуроның жеңісін бақылаушылар мен оппозиция мойындамай, сайлауда заң бұзушылық көп болғанын мәлімдеген. Мадуроның өзі парламентте емес, өзін қолдаған Жоғарғы сотта ант берді. Венесуэла парламенті депутаттарының дені – оппозиция жақтастары. Ал Мадуро мен оның жақтастары оппозиция лидерлерін «терроршылар» деп атап, өзін жақтайтын халықты да көшеге шығаратынын мәлімдеді.

УКРАИНА ҮШ КЕЛІСІМНЕН БАС ТАРТТЫ

Украинаның үкіметі ТМД аясындағы экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үш келісімнен шықты. Бұл құжаттар қатарында экономикалық ақпарат алмасу туралы мемлекетаралық келісім, сыртқы экономикалық қызмет жөнінде ақпарат алмасу және сыртқы экономикалық қызмет жөніндегі ынтымақтастық келісімі бар.

Алғашқы екі келісімге 1992 жылы Минскте және 1993 жылы Мәскеуде өткен ТМД саммитінде қол қойылған.

Үшінші келісім 1992 жылдың 15 мамырында Ташкентте өткен ТМД қатысушыларының халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдарына мүшелікке кіру жөніндегі кездесуінде қабылданған.

2-3-бетті дайындаған
Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ

Азат ПЕРУАШЕВ:

МЕКЕМЕ АТАУЛАРЫНА АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕСІМДЕРІН БЕРУ КЕРЕК

«Ақ жол» партиясының пікірінше, Тәуелсіздігіміздің 27 жылынан кейін мемлекет алдында отарсыздану, яғни, декоммунизация, де-советизация мақсаттарын ұлттық күн тәртібіне қоятын уақыт келді.

Хатта «Мысалы, «ақжолдық» депутаттардың сауалына берілген ресми ақпарат бойынша ел ауқымында Ленин (506 көше), Киров (54 көше), Маркс (40 көше), Крупская (28 көше), Свердлов (24 көше), Энгельс (23 көше) атындағы көшелер, мекемелер мен аймақтық атаулардың

тапжылмаған күйі тұрғаны түсініксіз», — деп мәлімдейді.

Сол себепті «Ақ жол» әкімдерден аймақтар мен қалалардағы көше, мекеме атауларына еліміздің тағдырына еш қатысы жоқ адамдардың орнына, бірінші кезекте ұлт тәуелсіздігі жолында жанын

пидат еткен Алаштың көрнекті қайраткерлерінің есімдерін беруді ұсынып отыр.

Азат Перуашев еліміздің қалалар мен елді мекендеріндегі көше, мекеме атауларына 750-ге жуық Алаш қайраткерлерінің есімдерін беруді ұсынды. Бұл жөнінде облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің атына тиісті хат жолданды.

Аталған 750-дей арыстың тізімі жасалып, тіпті, олардың



қай өңірде дүниеге келгені, қандай қызмет атқарғаны да анықталды. Бұл жинақталған тізім әкімдерге жіберілді.

«Алаш арыстарын ұлықтау — ешбір басқа этносқа қарсы

бағытталған бастама емес. Керісінше, біздің ойымызша, Алаш мұраты бүкіл қазақстандықтарды біріктіріп, еліміздің нағыз ұлттық идеясына айналуы тиіс», — делінген ресми хатта.

Берік ДҮЙСЕМБИНОВ:

ҒАСЫР ҚҰРЫЛЫСЫ «ШАР - ӨСКЕМЕН ТЕМІР ЖОЛЫ» НЕГЕ ТОҚТАП ТҰР?



Жалпы құны 360 миллион АҚШ долларын құрап, оның ішінде, 200 млн. доллар – зейнетақы қорларынан, 80 млн. доллар ұлттық компаниялар мен бюджеттен, 4 млн. доллар жеке компаниялар тарапынан қаржыландырылып, ғасыр құрылысына баланған «Шар – Өскемен темір жолы» неге тоқтап тұр? – бұл туралы Премьер-Министр Б. Сағынтаевтың атына депутаттық сауал жолдаған «Ақ жол» фракциясының мүшесі Берік Дүйсембинов мәлімдеді.

Депутаттың айтуынша, осы жаңа жолдың арқасында Шығыс өңірінен Астанаға сапар шеккен азаматтарымыз Ресейдің Локоть станциясы арқылы өтетін айналма жолдың азабынан құтылып, жол уақыты 27 сағаттан 17 сағатқа қысқарып, жүк тасымалы да жылдамдап, арзандай түскен еді. Жалпы, бұл жаңалықты халық қуанышпен қабылдап, оң резонанс тудырған болатын.

«Алайда, бұл қуанышымыз ұзаққа созылған жоқ. Міне, бір жыл бұрын Астанадан Өскеменге қатынайтын поезд бұл қысқа жолмен жүруді тоқтатып, Ресей арқылы қатынайтын ескі жолға түсті. Бұл – еліміздің шығысында тұратын азаматтарымызды өз үйіне оралу үшін екі рет кеден тексеруінен өтіп, 150 шақырымдық жолға 12 сағат уақытын шығындауға, қақаған қыста таксиге отырып, қосымша шығын шығарып, басын қауіпке тігуге мәжбүр етуде.

Кешелі бүгін төтенше жағдайлар комитетінен осы автожол бағытында жүздеген автокөліктер боранда жолда қалып, 300 ден аса азаматтарымызды құтқару шараларының өтіп жатқаны туралы ақпараттар келіп түсуде. Оның үстіне екі ортаға жарыса шапқылаған таксилердің онсыз да қанды көлік апатының статистикасын көбейтіп отырғаны сөзсіз. Өткен 2018 жылы Семей Өскемен арасындағы тас жолда 20 ға жуық көлік апаты орын алып, 5 адам көз жұмса, 20 дан аса адам дене жаракатын алған», — деп айтылған сауалда.

Осы орайда, Берік Дүйсембинов: «Сонда халықтың қазынасына қаржыландырылған қысқа да қауіпсіз бұл темір жол жұртты әуре-сарсаңға салып, қаңғыту үшін салынды ма?!», — «Үкімет осы мәселені хабардар ма, хабардар болса, осы мәселені шешуге қандай шаралар қарастыруда?» — деген сауалын Үкіметке жолдады.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні төменде келтірілген.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ
Б.Ә. САҒЫНТАЕВҚА

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Елбасы: «Нұрлы жол» — болашаққа бастар жол» атты Жолдауында, — Елдің өркенін білгің келсе, жолына қара. Жол — өмірдің өзегі, қайнар көзі. Барлық аймақтар теміржолмен, тас жолмен, әуе жолымен тығыз байланысу керек. Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы — Елорданың рухын тарататын өмір тамырағына айналуы тиіс», — деп, атап өткен болатын.

«Теміржол — өмір жолы» деп бекер айтылмаса керек. Расында да, ата-бабадан қалған ұланғайыр жеріміздің түкпір-түкпірінен Елордаға ағылатын халықтың жылдам да жайлы келіп-кетуі үшін қолжетімді теміржолдың маңызы өте зор.

Өздеріңізге белгілі, 2008 жылы Қазақстандағы алғашқы концессиялық негізде салынған инфрокұрылымдық жобалардың бірі ретінде, ұзындығы 150 шақырымдық Шар — Өскемен теміржол желісі пайдаланылуға берілді.

Ашық ақпарат құралдарының мәліметтеріне сүйенсек, ғасыр құрылысына баланған бұл жобаның жалпы құны 360 млн. АҚШ долларын құрап, оның ішінде, 200 млн. доллар — зейнетақы қорларынан, 80 млн. доллар ұлттық компаниялар мен бюджеттен, 4 млн. доллар жеке компаниялар тарапынан қаржыландырылған.

Осы жаңа жолдың арқасында Шығыс өңірінен Астанаға сапар шеккен азаматтарымыз Ресейдің Локоть станциясы арқылы өтетін айналма жолдың азабынан құтылып, жол уақыты 27 сағаттан 17 сағатқа қысқарып, жүк тасымалы да жылдамдап, арзандай түскен еді. Жалпы, бұл жаңалықты халық қуанышпен қабылдап, оң резонанс тудырған болатын.

Алайда, бұл қуанышымыз ұзаққа созылған жоқ. Міне, бір жыл бұрын Астанадан Өскеменге қатынайтын поезд бұл қысқа жолмен жүруді тоқтатып, Ресей арқылы қатынайтын ескі жолға түсті. Бұл — еліміздің шығысында тұратын азаматтарымызды өз үйіне оралу үшін екі рет кеден тексеруінен өтіп, 150 шақырымдық жолға 12 сағат уақытын шығындауға, қақаған қыста таксиге отырып, қосымша шығын шығарып, басын қауіпке тігуге мәжбүр етуде. Кешелі бүгін төтенше жағдайлар комитетінен осы автожол бағытында жүздеген автокөліктер боранда жолда қалып, 300 ден аса азаматтарымызды құтқару шараларының өтіп жатқаны туралы ақпараттар келіп түсуде. Оның үстіне екі ортаға жарыса шапқылаған таксилердің онсыз да қанды көлік апатының статистикасын көбейтіп отырғаны сөзсіз. Өткен 2018 жылы Семей Өскемен арасындағы тас жолда 20 ға жуық көлік апаты орын алып, 5 адам көз жұмса, 20 дан аса адам дене жаракатын алған.

Сонда халықтың қазынасына қаржыландырылған қысқа да қауіпсіз бұл темір жол жұртты әуре-сарсаңға салып, қаңғыту үшін салынды ма?!
Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Осы орайда, мына сұрақтарға жауап берулеріңізді сұраймыз:

1. Неге Астанадан Өскеменге қатынайтын поезд Шар — Өскемен төте жол желісімен жүруін тоқтатты?

2. Үкімет осы мәселені хабардар ма, хабардар болса, осы мәселені шешуге қандай шаралар қарастыруда?

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР «АҚ ЖОЛ» ФРАКЦИЯСЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫН ҚОЛДАДЫ

Премьер-Министр «Ақ жол» фракциясының шенеуніктерге қызметтік баспана беруді ретке келтіру қажеттілігі туралы ұсынысын қолдады. Бұл оның фракцияның депутаттық сауалына берген жауабынан белгілі болды.

Естеріңізге сала кетейік, 2018 жылғы 19-желтоқсанда фракция мемлекет есебінен тұрғын үйге берілетін жеңілдіктерді асыра пайдалану мәселесі бойынша Премьер-Министрге сауал хатпен жүгінген еді. Депутаттар Павлодар, Атырау, Өскемен, Шымкент, Көкшетау қалаларында, Батыс-Қазақстандағы Ақсай, Алматы облысының Жамбыл ауданында шенеуніктердің аса жайлы және құны жоғары тұрғын үйге ие болғаны жөнінде жанжал туғызған мысалдарды келтірген болатын.

«Бұл тек баспасөз бен қоғамға ғана белгілі болған фактілер. Шын мәнінде олардың саны қанша екенін — тек пайымдауға болады. Сол нысандардың қайсысы өз бағасымен сатып алынғанын, ал қайсысының жоғарылатылған бағаммен қымқыру үшін пайдаланылғанын кім білсін. Тіпті «7-20-25» бағдарламасының өзі пәтерлердің құны бойынша шектеулер мен төлем міндеттілігін жүктейді, сәулетті тұрмысқа ұмтылған, ысырапшылдық пен астамшылыққа жол берген шенеуніктердің сынға ілігуі орынды.

Мұндай нысандарды оларда тұратын шенеуніктер, сондай-ақ өздері белгілеген талаптарға сай жеңілдікпен тұратындардың кейіннен жекешелендіріп алуын есептен алып тастауға болмайды», — деп айтылған сауалда.

«Ақ жол» фракциясы шенеуніктердің мемлекет есебінен тұрғын үй алу мәселесі бойынша мұндай тұрғын үйдің шектеулі көлемі мен бағалық параметрлері ретке келтірілуі тиіс деп санайды.

Осыған орай, «Ақ жол» фракциясы мемлекеттік қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз етудің қатаң ережелерін бекітуді талап етті. Мәселен, «7-20-25» бағдарламасының параметрлерін, я болмаса отбасы мүшелерінің тұрғын үймен қамтамасыз етілу стандарттарын негізге ала отырып іске асыру.

Үкіметтің жуырда ғана берген ресми жауабында «фракцияның мемлекеттік органдар мен ұйымдарға берілетін тұрғын үйлердің шектеулі көлемі мен бағалық өлшемдерін ретке келтіру қажеттілігі туралы ұсынысы қолдау тапты» делінген.

«Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп «Нұрлы жер» Мемлекеттік бағдарламасында белгіленген шектеулерді есепке ала отырып, қызметтік тұрғын үй ауданының шекті нормалары мен бағалық параметрлерін әзірлеу бойынша шараларды қабылдайтын болады», — деп атап өтілген Бақытжан Сағынтаев қол қойған хатта.

«Ақ жол» ҚДП және оның парламенттік фракциясы сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру бойынша жұмыстарды жалғастыруда.

«Ақ жол» партиясының
баспасөз қызметі



Қонысбай» деген қазақ тілінің заңдылығына сай атасының атын мазактап, шақыру хаттағы бейнеленген еліміздің ресми символдарын келекелеп, сайқымазақ смайлик қойып тұрып «Я НЕ КОНЫСБАЙ» деп, инстаграмға жариялап жүрген сенін, шынында да, «КОНЫСБАЙ» БОЛУҒА ХАҚЫҢ ЖОҚ! ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ АТА ТЕГІНЕН САДАҒА КЕТ!

Қазақша ата тектен қашып отырған Улан Қонысбаевтың қазақша білетініне де – Ана тіліне адалдығына да күмәнім бар!..

Ал ұлттықар-намысы жоғары Ақтөбе облысының тұрғындары

Мен Улан Қонысбаевтың, ол ата тегін өзі осылай сауатсыз сүйсіне жазатынын жақсы білемін – азан шақырып қойған өз атын да, атасының атын да қазақ ұлтына және қазақ тілі заңдылығына сай «ҰЛАН ҚОНЫСБАЙ» деп қазақшалап, сауатты жазып берген РУХАНИ ЖАНҒЫРУ шарасына шақырушыларға мың алғыс айтамын. Кім жазса да, біздің редакцияға хабарласса, дұрыс болар еді!..

Әйгілі қазақ тарландары Рахманқұл Бердібай, Шерхан Мұртазалар бастаған ұлт зиялыларының Елбасыға Ашық хат жазуының арқасында 1996 жылғы 2 сәуірде Қазақстан

«Ұлты қазақ азаматтар өздерінің тегі мен әкесінің атының жазылуын қазақ тіліне тән емес аффиксті алып тастай отырып, өзгертуге хақылы, алайда тегі мен әкесінің атының түбірлік негізі сақталуы тиіс» – деп нақты атап көрсетілді. Елбасының осы тарихи Жарлығы шыққанына қазір ширек ғасырдай уақыт болды.. Әлі күнге отарлық «ов-ова» дан арылмай келе жатқандар аз емес! оларға бірінші кедергі келтіретін кесепаттар Халыққа қызмет көрсету орталықтарында отыр. Ұлттық мүддеге қарсылар ата тегін қазақшалағысы келгендерге: «болмайды! Онда тууы туралы куәлік, диплом, неке куәлігі, көлік жүргізу куәлігі т.б. Құжаттарды ауыстырасыз. Тіпті зейнетақы ала алмай қаласыздар» деп, әдейі жалған айтатынын біз талай әшкерелеп жаздық. Оның бәрі өтірік. Президент Жарлығы бойынша ондай кедергі талаптарға жол жоқ. Жарлықтың 5-тармағында «Республика Үкіметі өзінің құқықтық нормативтік актілерін және республиканың орталық атқарушы органдарының актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін» деп жазылған. Төлқұжатында «ов»-тан құтылғандар толып жүр сол бұрынғы құжаттарымен. Ауыстыратын заңды мерзімі келгенде ғана ауыстырып жатыр.

Ал атын қазақшалаудан өзі құлшына қашып отырған футболшы Улан Қонысбаев мен білсем, осы 1996 жылғы ата тегінді қазақшалауға заңды құқық берген Президенттің тарихи Жарлығымен жасты немесе Тәуелсіздік алған жылмен қарайлас болар... Сонда Тәуелсіз Қазақстанда біз 28 жыл бойы кімдерді тәрбиелеп өсіріп келеміз? Ұлттық атаудан қашқандар Ұлт тағдыры сыңға түскенде елінен де қашып жүруі әбден мүмкін емес пе? Ұлттық ата текті қорлаған жартылай қорғаушы Ұлттық мүддені қорғай ала ма?

Өйткені, барлық мәселе басынан басталатыны секілді, ұлттық мүдде адамның аты-тегін қазақшалаудан басталады!

Қазыбек ИСА
qazaquni.kz

«Я НЕ КОНЫСБАЙ» - ИӘ, СЕНІҢ ҚОНЫСБАЙ БОЛУҒА ХАҚЫҢ ЖОҚ! ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ АТА ТЕГІНЕН САДАҒА КЕТ!

Ұлттық ата текті қорлаған жартылай қорғаушы Ұлттық мүддені қорғай ала ма?

Таяуда «Қазақ үні» сайтында «Я не Конисбай»: Қазақ футболшысы Улан Қонысбаев тегін қазақшалауға қарсы шықты» деген мақала шықты. Жолда болып, оның үстіне тұмауратып, жұмыс істей алмағасын кезінде жауап қата алмадым. Ал бұл «ОВ-ОВА», «ОВИЧ-ОВНА» деген отарлық құлдық жалғаудан құтылуды ширек ғасырдан бері насихаттап жүрген мен үшін үнсіз қалатын мәселе болмай тұр. Сондықтан, қысқаша болса да, өз ойымды айта кетейін. Алда тағы да үлкен арнайы мақала жарық көретін болады.

Рухани жаңғыра алған рухы күшті қазақ болса, Қонысбай деген атқа қуану керек еді бұл неме!. Атасының атын жаза алмай өзгертіп жіберген бұл сауатсызға не дерсің? Әлде, аяғы қатты істегендердің басы істемей кететін әдеті бар ма екен? Өткенде футболшы Серикжан Мужик-ов та аты-жөнін қазақ тілінің заңдылығына лайықтап «Мұжыков» деп жазғандарға қарсы болған еді. Егер оның «ов»-ын алып тастаса, өліп кететін түрі бар екен!..

Біз, «Қазақ үні» газет/сайты қажет кезде ресми мәліметтерден

өзге жерде кімді де болса, «ов-ова» деген отарлық құлдық жалғаусыз жазып келеміз. Ал Улан Қонысбайды енді ешуақытта олай жазудың қажеті жоқ деп ойлаймын! Жазсақ, тек өзгелерге «атасының азан шақырып қойған атын жаза алмайтын сауатсыздар осындай болады» деп әшкерелеу үшін жазамыз!

Елбасымыздың Рухани жаңғыру бағдарламасы аясындағы Қазақ үшін ең қасиетті Тәуелсіздік мерекесіне орай салтанатты шараға шақырған шақыру хатындағы «Ұлан



«Ақтөбе» футбол клубының жартылай қорғаушысы Улан Қонысбаевтың бұл ұлттық мүддеге қарсы сүйекке таңба салар тірлігіне өз бағаларын бере жатар...

Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Жарлығы шықты. Бұл Жарлықта

«БИЗНЕС ПО-КАЗАХСКИ»: КӨРЕРМЕНДІ АЗДЫРЫП БІТТІ!

Бала кезімізде «бүйтіп жіберу» дегенді бұзақы балалардан үйреніп, үйге келгенде қайталап, әкемізден оңбай шапалақ жегенім бар. Ол әркімнің-ақ басынан өткен шығар. Білмеймін, қазақ баласы үшін ең азғын, ең ұятсыз ишарат /жест/ – осы «бүйтіп жіберу». «Анау ананы бүйтіп жіберіпті», «бүйтем депті», «мен сені бүйтіп жіберемін», – деп алақанымен жұдырығын ұрғылаған азғындық енді киноға жетіпті.

Өз басым әншісі бар, әнші емесі бар, жалпы өзім тұратын елде түсірілген фильмдерді көруге тырысамын. Өзім үшін. Көңілім толмаса да, көркемдігі онша болмаса да... Ол өте қажет! Бүгінгі көрермен қандай киноны ұнатады, ақшасын қандай туындыдан аямайын дегендей. Өткенде Ерке Есмаханнның «Махаббат кафесін» көргенмін. Керемет дей алмаймын, бірақ бір көруге болатын кино. Актерлары да тәп-тәуір. Сюжеті жақсы, оқиғасы жылы.

Кеше Нұрлан Қоянбаевтың әйгілі «Бизнес по-казахскинің» үшіншісіне бардым. Әшейінде үш-төрт адам шоқиып отыратын зал лық толды. Көпшілігі – балаларын жетектеген қазақтар. Сценарий мүлдем жоқ, болса сол КВН-да

жыртындап айтылған арзан әзілдердің өнін айналдыра салған үзінділері. Оқиғасы ешқандай логикаға келмейді. Келсе, айдалада танысқан негрдің сөзіне алданып, екі қазақ сөмке арқалап, иә, сөмке арқалап, Африка асып кетер ме еді? Диалогтарын тыңдап, қор болған тілді ойлап, еңіреп жылағын келеді. Құрысыншы, оған да көндік. Мәдениет саласы басшыларының өзі: «Олар өз ақшасына түсірген, ештеңе дей алмаймыз», – деп отырғанда, бұларға «тәйт» дейтін ешкімнің жоқтығына көз үйренген.

Ең сорақысы, әлгі екі қазақ Африкада сөмкелерін арқалап, шай ұрлап жүргенде болды. Олар қолға түседі. Құтқарып алуға Қоянбаевтар келеді. Екі



арадағы келіссөздер кезінде африкалық тайпаның көсемі біздің ыржақайға «бүйтіп жіберемін» деп алақанымен жұдырығын періп келіп қалады. Ыржақай шошып кетеді (бүйтіп жібергенде болар еді). Абырой болғанда әлгі тайпаның тілінде бұл ишарат «сыйлау, құрметтеу» дегенді білдіреді екен. Енді ыржақай да алақанымен жұдырығын ұрып, «бүйтіп жіберемін» қайталап жатты. Зал толы күлкі. Әке де мээ, ана да мээ, бала да мээ.

...Кинодан шығып барамыз. Бір кішкентай бала «бүйтіп жіберемін» қолымен қайталап барады. Анасы басынан сипап, күлді де қойды. Есіме әкемнің шапалағының түскені. Бұларға да сондай бір шапалақ керек болды. Өздері ғана емес, көрерменді де аздырып бітті! Деграция!

Арман СҚАБЫЛҰЛЫ
qazaquni.kz

Бүгінгі таңда Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы болып қайта құрылды, оның бұрынғы орталығы Шымкентке Астана мен Алматы қатарында «республикалық мәртебе» берілді. Өзіміз «күллі түркі дүниесінің рухани астанасы» атап жүрген Түркістан осы жағдайға байланысты қайта түлеп, күрт жаңғыру үстінде. Оның астарында облыс орталығы дәрежесін иеленуден басқа да сыр жатқан болуы мүмкін. Бірақ, біз ол жайлы сөз қозғамақшы емеспіз. Айтарымыз, Түркістанның бүгінгі түлеуі оның бүгін болмаса да ертең, ертең болмаса да арғы күні мерзімі келіп, толғағы пісіп тұрған игілікті іске – еліміздің астанасы аталуына жұмыс істеп жатқандығы жайлы. Тарихи әділеттіктің ертелі-кеш салтанат құрмай тұра алмайтындығы жайлы.

дан 24 жыл бұрын тойланған, қазақ халқының күні кеше пайда болмағанын, керісінше, тамыры өте тереңде жатқанын дәлелдеп тұрған көне елді мекен.

Жетіншіден, Яссауидей әулие мәңгілік қоныс тепкен қала. «Таяқ мініп келген бала тай мініп қайтатын» құтты, берекелі жер. Түркі дүниесінің рухани ғана емес, саяси де, экономикалық та, мәдени де орталығы болуға сұранып-ақ тұрған байтақ. Ал, ондай дүгейге болашақта жетуіміз мүмкін емес деп ешкім айта алмайды. Қазақта дарынға, талантқа бай ұлт әлемде жоқ. Тек біз «дұрыс экономикалық реформа мергеннің оғы секілді – бір атқаннан тиеді» деген данышпан Ленин сөзін іске асыра алмай келеміз, саны бар, сапасы жоқ реформалар күрт дамып, әлемнің алдына түсіп кетуімізге кедергі болып, адымымызды аштырмай тұр.

...Бүкіл уәләятта сан жағынан басым қазақтар Ташкентті қолдан шығармауға мүмкіндік мол еді. Жайбарақат жарықтықтар онша алаңдамай, нақты жағдайға кезінде тиісті мән бере қоймады емес пе. Нақты жағдай былай-тын. Сұрхандария уалаятынан Ташкент аңғарына қоныс аударған қазақтардың көбі өздерін өзбекпіз деп, соларға қосылды. Сарттар да өзбекке қосыламыз десті. Алашапқын күндерде Сұлтан Сегізбаев «біз сендермен бірікпейміз» деп қанша шіренгенімен, бәрібір, олармен тізе қосты. Сарттар болса «бұдан былай өзімізді ешқашан сарт демей, өзбекпіз дейміз, сарт дегенді ауызға алмаймыз» деп ант-су итті. Сөйтіп, өзбектер сан жағынан көп болып, референдумда жеңіп шықты. Жайбасар, аңқау қазақтар сан соғып қалды». (Зәкір Асабаев, «Ташкент үшін талас», «Қазақ үні» ұлттық порталы, 14.05.2014).

Сөйтіп, 1930 жылы өзбек

лай аудару қажет. Патшалық Ресей тұсында Арқа жерінде 5 мыңнан астам ауыл болған. Әні, соларды қалпына келтіру кезек күттірмес мәселе».

Жарайды, әдеттегідей қазақы алауыздық (Сұлтан Сегізбаевты алайық) пен жайбасарлықтың кесірінен Ташкенттей қаламыздан айрылып қалайық. Бірақ, Қызылордадан көшкенде таудың бір қуысындағы Алматыны тандағанша, ең құрығанда Түркістан үшін неге бәріміз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара алмаймыз? Тағы да сол көп «шылық» – рушылдық, жүзшілдік. Сұлтанбек Қожанов Түркістанға тартса өзінің туған өлкесіне бұрған болып көрінгісі келмепті деген сөз бар. Ал, Ораз Жандосов өзінің туған өлкесіне, Жетісуға бұрмады ма? Бір орысы жоқ Түркістан тұрғанда қып-қызыл орыстық камал-қала Алматыны тандау деген санаға сыймайтын тірлік қой!

жер мен суды зерттеуге мәжбүр болатыны белгілі. Сәулетшіге сұрақ қояр алдында оның бұдан 12 жыл бұрын осы жолдар ауторына берген сұхбатын еске алдық: «...Түркістанда жүргенде таудан ағып, Кентау қаласының астына кетіп жатқан суды суағармен (водоводпен) Түркістанға әкелу деген жобамен айналыстым. Түркістанда су жоқ қой. Кентау Түркістаннан 300 метр биік тұр. Сол себепті судың қатты қарқынын бәсеіту үшін суағарды әр жерінде иін жасалады. Мен сол иіндердің орнына генераторлар қояды ұсындым. Әрқайсысы 1,5 мегаватт канадалық генераторларды таптым да. Екі қаланың да электр энергиясына, суға деген мәселесі шешілер еді. Үкіметке бардым. Қасым-Жомарт Тоқаев – Премьер, оның орынбасары – Даниал Ахметовке кірдім. Ол кісі біраз министрліктің басын қосып, талқылады. Барлығы мақұлдады. Бірақ сонымен қалды... Кейін білсем, ол кезде Ораз Жандосов басқаратын «КЕГОК» компаниясы Кентаудың астындағы бос шахталарға кетіп жатқан суды насосармен сорып отыру үшін жылына бюджеттен 800 миллион теңге алады екен! Суды сормаса қаланың асты ээктен, үйдің бәрі құлайды деген болжам болған. Кейін шахталардағы суды сорғанды тоқтатты, қалада құлаған жоқ, тіпә-тіпә, әзір құлар түрі де жоқ, суағар да салынды. Тек генераторсыз, баяғыдағыдай иіндер жасалынды...»

Бүгінгі жағдайға келсек, біз 1991 жылдан бері Шардара су қоймасынан Өзбекстанның Айдаркөліне 63 млрд. текше метр суды «сыйладық». Зайсанға пара-пар. Көксарай контрреттегішін салып, 2-2,5 млрд. т.м. суды сақтай алатын болдық. Археолог Смағұлов: «Түркістан бұрын «Мың өзеннің қаласы» деп аталған. Қаратаудан төмен қарай ағатын бұлақ, кішкентай өзен көп. Олардың әлеуетін жинап, пайдалануға әбден болады. Сауран қаласының айналасы орта ғасырларда Түркістанның «азық-түлік белдеуі» болған» дейді. Ол жайлы сол заманғы араб тарихшыларынан жеткен жазбалар бар... Қаратауда 6 млрд. т.м. су жинап алуға болатын, табиғи ойнаңдық бар.

Бұдан бөлек Шығыс Қазақстанды жылда қинайтын көктемгі қар мен жаңбырдың суын жер рельефін пайдаланып Балқашқа Балқаштан Шу арқылы Сырдарияның бүгінгі және бұрынғы арналары арқылы Аралға жеткізуге болады. Шудың орта ағысында да екі Көксарайдың суы сиятын тағы бір ойнақ жер бар.

Қысқасы, Қазақстанда су көзі жоқ емес бар, тіпті көп деуге болады. Тек оны ала білу керек. Әрине, бұл бір жылдың жұмысы емес, бірақ, бес жыл болмаса да он жылда бітіруге әбден болады. Бәрі өзімізге байланысты...»

Асан-Қайғы Түркістанды көргенде: «Суы семіз, жері арық, жер сорлысы мұнда екен» деген. Қаланың өзінде жетпісінші жылдарға дейін қаптаған желдірмендер тұратын. Олардың жұмысы – ары кетсе он-он бес метрден шығатын құдықтан су тарту болатын...

Су әлеуетінің молдығы да Түркістанға болашақта астана атануға мүмкіндік беретін фактордың бірі. Біздің әзірге ұсынысымыз – бүгін қаланы дамытып жатқан жолдастар болашақты да еске ұстай отырып қимылдаса екен деген тілек қана...

«ТҮРКІСТАН - ЕКІ ДҮНИЕ ЕСІГІ ҒОЙ»

Түркістанның ел астанасына айналуы не үшін әділеттілік атануы тиіс? Оның бірнеше себебі бар. Ең бастысы – Түркістандай қаласы бар елдің оны астана етпеуі – шындап келгенде үлкен күнә. Әдеттегідей қазақы қалпымызға салынып, барды бағалай білмеушілік.

Біріншіден, Түркістан географиялық тұрғыдан өте қолайлы орналасқан қала. Орталық Азияның кіндік қаласы. Батыс пен Шығыстың нағыз ортасы. 1994 жылы әлемге әйгілі америкалық «Боинг» компаниясы өзінің ұшақтарына техникалық қызмет көрсететін, Қытай, ТМД және Таяу Шығыс елдерін қамтитын орасан үлкен 8,5 млн. долларлық Өңірлік Техникалық Орталық салып беруді мойнына алғанда сол уақыттағы премьер-министр С.Терешенко өзінің кеңесшісі, ресейлік «Трансаэро» компаниясының президенті Плешаковтың мүддесі үшін (тек ол үшін ғана емес екенін бәріміздің ішіміз сезіп отырғой...) керемет пайдалы жобадан бас тартып, Орталықты өзбектер қағып әкетіп еді...

Екіншіден, Түркістанда 365 күннің кемі 345-350 күні ауа райы ашық. Климаты жұмсақ. Жыл он екі ай бойы теңізден соғатын бриз секілді Қаратаудан самал есіп тұрады.

Үшіншіден, Түркістаннан Қызылордаға қарай солтүстік жақ теп-тегіс ашық дала, қаланың дамуына өте ыңғайлы.

Төртіншіден, қаланың шығысында Қаратау тұр, батысында сұлу Сырдария ағып жатыр. Демалыс аймағы үшін өте қолайлы.

Бесіншіден, қазақтың жері үшін отыз жыл бойы аттан түспеген «Еңсегей бойлы ер Есім» ханнан Абылай ханға дейінгі хандарымыз, батырларымыз, билеріміз жерленген киелі топырақ.

Алтыншыдан, бұрын да қазақ елінің астанасы болған шаһар. Және 1500-жылдығы (шын мәнінде одан да көп) осы-

ТАШКЕНТ ҮШІН ТАЛАС

Негізі біз 1925 жылы орыстардың озбырлығынан алғашқы астанамыз Орынбордан айрылғаннан кейін Ташкент пен Түркістанның біреуін астана етуіміз керек еді. «Түркістан автономиялық өлкесінің орталығы Ташкент қаласындағы әдеби, мәдени, оқу-ағарту салаларында қазақтар саны басым, әрі, ықпалы мол болды. Өлке басшыларының да дені қазақтар еді (Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төреқұлов, Тұрар Рысқұлов, т.б.). Жоғары және орта дәрежелі оқу орындарының көбінде қазақ тілінде дәріс жүріп, қазақша көптеген газет-журналдар шығып тұрды. Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмұхамедов, Зиябек Рүстемов, Құрманбек Жандарбеков, Жамал Омарова сынды тұлғалар осында қызмет атқарды. Қысқасы, сол кездегі Ташкент қаласын қазақтың мәдени орталығы деуге толық негіз бар-тын. Оның үстіне, қаланы қоршаған айнала төңіректегі халықтың басым бөлігі қазақтар болғандықтан, Ташкент қаласы ресми тұрғыда пәлен ұлтқа тиесілі деп саналмайтын, бірақ, қалада өзбектердің сан жағынан молдау екені растын. ...Арадан бес-алты жыл өтер-өтпесте Түркістан өлкесі тарап, қырғыз өз алдына, өзбек өз алдына республикаға айналды, бұған дейін қырғыздың астанасы Фрунзе, өзбектің астанасы Самарқан еді. ...Міне, осы шақта аяқ астынан Ташкент қаласын өзбектерге астана ету жөнінде әңгіме көтеріліп, оны бүкілхалықтық референдум өткізу арқылы шешу қызу қолаға алынды. Ташкент үшін талас басталды. Оны иемдену үшін қазақ, өзбек, сарт (өзбек емес) – үш халық өкілдері әрекетке көшті. Басы-қасында – кейін РСФСР Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары болған – Тұрар Рысқұлов, сондай-ақ, Өзбекстан Министрлер Кеңесінің сол кездегі төрағасы (семейлік қазақ) Сұлтан Сегізбаев және өзін өзбек емес, сарт деп санайтын Акмал Икрамов тұрды.

астанасы Самарқандтан Ташкентке көшіп келді. Тарихшы Ахмет Тоқтабаевты тыңдасақ. «1925 жылы қазақтар Орынбордан көшетін болғанда Ташкент үшін талас жүріп жатқан болатын. Қазақтың игі жақсысының ол күресте ұтылып қалатын себебі, Мәскеу Ленин мен Сталин, Фрунзе мен Куйбышевтар өзбек жағында болды. Оқығандары көп қазақтың қолына ірі қаланың өткенін қаламады. Қазақ басшылығының Ақмешіт-Қызылордаға тоқтаған себебі, біріншіден, ол кезде Сырдың суы мол, «Еділдің бойы ен тоғай, Ел толтырсам деп едім» деп Махамбет армандағандай, дарияның екі жағы қалың жыныс, ну тоғай, малышылыққа да, егіншілікке де өте қолайлы қала болған. Екіншіден, олар қазағы көп қаланың астана болғанын қолай көрді ғой. Рас, ауа райы онша оңып тұрмаған еді...

Ал, Түркістанға келсек, оның ресурсы ары барса жарты миллион адамға жетеді. Жалпы, бізге «миллиондық» қаланың көп болғанының түкке қажеті жоқ. Себебі, біз судың зардабын, соның ішінде Түркістан қаласы, ертең-ақ тарта бастаймыз. Күнгейдегі өзендердің бастауы өзбек, қырғыз, тәжік жерінде. Шығыстағы өзендер Қытайдан келеді. Алматының өзі енді бір жиырма жылдан соң судан тарыға бастайтын болады. Біздің елімізге қалаларды ірілендірудің орнына ауылдарды қалпына келтіріп, экономиканың басты салмағын со-



БЕС ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ ІРГЕЛІ ІСКЕ КІРІСТІ

Республикамыздың беделді ғылыми мекемелері – Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Ахмет Байтұрсынұв атындағы Тіл білімі институты, Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Философия, саясаттану және дінтану институты, Рамазан Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, сондай-ақ Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі, Орталық ғылыми кітапхана басшылары, қызметкерлері және ғалымдардың қатысуымен Қазақстан «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының жалпы жиналысы өтті.

Жиналыста «Әділет» ҚазТАҚ төрағасы, Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің менгерушісі Фарифолла Әнес Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың тікелей басшылығымен салынып, жаңа жылдың алдында ғана ашылған репрессия музейі жөнінде жасаған хабарлама зор ризашылықпен және әкімдікке, музейді безендіруге тікелей атсалысқан облыстық мұражайға, «Заманту» шеберханасына деген алғыс сезіммен қабыл алынды. Осы тарихи оқиғаға орай алға тартылатын жаңа міндеттер қызу талқыға түсті.

Музей 2002 жылы саяси қуғын-сүргін құрбандарына қойылған «Жаңалық» мемориалды ескерткіші жанынан бой түзген. Мұнда репрессиялар тарихын бейнелейтін негізгі зал және құрбандар деректерімен таныстыратын аза тұту залы бар. Сонымен бірге деректі фильмдер қойылып, мәжілістер өткізуге арналған арнайы конференц-залда тоталитаризм жылдары жабық болған жазықсыз жазалаулар мен ашаршылық тақырыптарын алғаш көтеріп, жүйелі жұмыстар жүргізіп келе жатқан «Әділет» ҚазТАҚ қызметі көрнекі түрде көрсетілген. Саяси қуғын-сүргін жылдарынан куәлік ететін тарихи құжаттар, қоғамның әр кезгі атқарған жұмыстарын көрсететін фотосуреттер, «Азалы кітап» шығарылымдары, қаралы кезеңдерді, жекелеген тұлғалардың өмір жолдарын қарастырған түрлі конференция материалдары, зерттеушілердің еңбектері, репрессияланғандардың ұрпақтары жазған естеліктер, басқа да баспа өнімдері шаңырақ көтергеніне биыл отыз жыл толатын қоғам жайынан келушілерге мол мағлұмат беретіні атап өтілді. Атқарылуға тиіс іс-шаралар хақында түрлі ұсыныстар айтылды, тоталитарлық қоғамда адам құқытарының қалай шектелгенін көрсете отырып, демократиялық құндылықтарды бағалай білудің, әрдайым сақтаудың қаншалықты маңызды екенін насихаттаумен айналысып келе жатқан «Әділеттің» отыз жылдығын дәстүрлі Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні – 31 мамыр қарсаңында атау қажеттігіне назар аударылды.

Жиналысқа қатысқан бес ғылыми-зерттеу институт

өкілдері Алаш арыстарының мұрасын іздестіру, зерттеу және насихаттау мәселелерін талқылауға қызу атсалысты. Кейінгі кездерде қиын замандарда жазықсыз жазаланған тарихи тұлғалар туралы әртүрлі алып-қашпа әңгімелер шығып жатқандықтан, осындай бірлесіп өткізілетін жиындарда ортақ ой қорытып алудың ортақ іске пайдалы болмағына баршасы келісті.

– Ғылыми ізденістерді жүйелендіре түсу және оларды жұртшылық арасында таны- мал ету мақсатында «Әділет»



қоғамымен бірге атқаруға тиіс шаруалар баршылық, – деді алғаш сөз алған тіл институтының директоры Ерден Қажыбек, – Мәселен, лингвист және шығыстанушы Евгений Поливановтың түркі тілдері графикасын реформалау мәселесімен шұғылданған кезінде Ахмет Байтұрсынұвтың еңбектерін де жақсы білгені, екеуінің арасында шығармашылық байланыс болғаны жайында кейінгі күндері ғана естіп-біліп жүрміз. Үлкен террордың осы қос құрбаны тағдырын өзара байланыста зерттеп, тарихи тағылымын насихаттау сынды жұмыстарда күш біріктірудің маңызы зор.

«Әділеттің» байырғы мүшесі Қайдар Алдажұманов саяси репрессиялар мен ашаршылық шындығын ашудағы атқарылған істер және бой көрсетіп жүрген кейбір қисынсыздықтар жайын әңгімеледі. Ал Геннадий Земель ГУЛАГ-тың Қазақстандағы өзі балалық шағы өткен лагерь шындығын ашу және соңғы кезде 28 гвардияшы-панфиловшылар хақында орын алып тұрған жәйт – ерлікті жоққа шығаруды көздеген әрекеттерді әшкерелеу орайында нақты ұсыныстар айтты. Сайын Борбасов, Саясат Бейісбай,

Қарлығаш Қаймақбаева, репрессияға ұшырағандардың ұрпақтары Нәдір Әзірбаев, Клара Күленова, Сәуле Қожықова, Шолпанай Аманжолова, Елена Грибанова, Ажар Жандосова, Қарлығаш Кемеңгерова және басқада сөйлеушілер Үлкен террор жүрген күрделі кезеңді жан-жақты зерттеуді жалғастыру, саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың халыққа сіңірген еңбектерін қалың жұртшылыққа жеткізіп отыру шараларына байланысты өз пікірлерін білдірді. Қоғам қайраткері және шығыстанушы Серәлі Лапиннің туғанына 150 жыл, қазақ әдебиетінің ұлы тұлғалары Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаевтың, әйгілі мемлекет қайраткерлері Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожановтың туғанына 125 жыл, қоғам қайраткері,

тілтанушы-түркітанушы Телжан Шонановтың туғанына 125 жыл, түркітанушы, профессор Құдайберген Жұбановтың туғанына 120 жыл болуына байланысты барша мүдделілерге ортақ ойлар өрілді. Жас бұынды аға ұрпақтың ауыр да тәлімді өмір жолдарын жаңғырта отырып насихаттау арқылы, қасіретті тарих арқылы тәрбиелеуге пәрменді атсалысу үшін аталған ғылыми-зерттеу институттары мен мәселеге бейжай қарамайтын барлық мекемелердің үйлесімді жұмыс жүргізулері маңызды екені анық. Сол орайда «Әділет» қоғамы жанынан мүдделі ұйымдар өкілдері енетін Үйлестіру кеңесін құру жайында шешім қабылданды. Сондай-ақ, аталмыш ғылыми мекемелер «Әділет» тарихи-ағарту қоғамына ұжымдық мүше ретінде кіретін болды.

Мұның бәрінің қайта құру жылдарынан бері, отыз жыл бойы мақсаткерлікпен қызмет атқарып келе жатқан Қазақстан «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы жұмысына соны серпін берері, іс-шараларының пәрменділігін арттыра түсері анық. Жалпы жиналыс жұрт көңілінен шықты.

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ



«ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕРУЕНІ» КҮНГЕЙГЕ БЕТТЕДІ

Қазақстан Республикасы тұңғыш Президенті – Елбасының қоры, Қазақстан Іскер әйелдер қауымдастығы және «Хабар» агенттігінің бірлескен «Қайырымдылық керуені» республикалық байқауы былтыр қараша айында басталғаны мәлім.

Жобаның мақсаты – ел ішінде қайырымдылық идеяларын кеңінен дәріптеу, сондай-ақ халық арасында белсенді азаматтық бастамаларды кеңінен насихаттау екені де баса айтылған-ды.

Дүбірлі іс-шараға әлеуметтік-экономикалық, іргелі қоғамдық проблемаларды шешуге және өздерінің жомарттығымен басқаларды мейірімділікке ынталандыруға үлес қосып жүрген жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

Әлбетте, мұндай дәстүр ежелден абақтысы жоқ, ешқашан жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған Қазақтай мейірбан да дана халық үшін аса таңсық та емес. Тек бергінде түрлі заманалар ағымы мен дәуір тынысына байланысты бір сәт тасада қалғандай көрінетін игі істердің жіті назарға алынуы қуантпай қоймайды.

«Қайырымдылық керуені» деп аталған ауқымды байқау лауреаттары бес номинация бойынша анықталмақшы. Олар:

– «Асар» (номинация халықтың салт-дәстүрімен байланысты қайырымдылық қызмет көрсететін адамдарға қолдау көрсетуге бағытталған);

– «Туған жер» (білім беру, экология және көріктендіру саласында туған өлкеге көмек көрсететін адамдарға беріледі);

– «Мейірім жолында» (аталымға ерікті негізде және тегін көмек көрсететін, игі істер атқаратын адамдар ие болады);

– «Батыл жүрек» (номинация ерлік іс жасаған, жанкештілік танытқан адамға қолдау көрсету мақсатында тағайындалады);

– «Қайырымдылық тарихы» (номинация БАҚ-та қайырымдылық тақырыбын қозғайтын, қоғамның назарын әлеуметтік проблемаларға аударатын материалдарының жариялануын қамтамасыз ететін журналистерге немесе шығармашылық ұжымға беріледі).

Конкурсқа кәсіпкерлік субъектілері және қайырымдылық қызметті мемлекеттік қолдау арқылы жүргізетін тұлғалар (мемлекеттік грант, мемлекеттік тапсырыс және т.б.) қатыстырылмайды.

Міне, Алматы қаласы бойынша Іскер әйелдер қауымдастығы төрағасының орынбасары Балым Батаева, осы ұйымның басқарма мүшесі Жанар Чайарова, сондай-ақ қауымдастық мүшелері Назым Ахметжанова мен Сана Жандай, Алматы қаласы бойынша «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің жетекшісі Гүлнар Қоңыровалар бұқаралық-ақпарат құралдары

өкілдерімен кездесіп, осы мәселе мәнін егжей-тегжейлі түсіндірді.

Балым Батаева, Алматы қаласы бойынша Іскер әйелдер қауымдастығы төрағасының орынбасары:

– Бірден айтар болсақ, осынау айрықша жобаны халықтың қызу қолдайтынын өзіміз де күтпеген едік. Бүгінгі таңда бүкіл ел-жұрт болып аталған іс-шараға белсене араласып кетті. Қатысуға ынта білдірушілер легі әлі де толалар емес. Кәсіпкерлер де, қатардағы адамдар да топ-тобымен ынта білдіруде. Сол себепті, бізге үздіктерді іріктеп алудың өзі біршама қиынға түсетін түрі бар. Мысалы, бір ғана Алматыдан бес адамды таңдап алдық. Негізі, қайырымдылық шаралары ел арасында үздіксіз көрсетіліп жататыны анық. Бірақ оған аса көп мән беріле қоймайтыны да жасырын емес. Бірен-саран іс баспасөз бетінде аталып өтеді де қояды. Енді бұл іске Тұңғыш Президент қорының өзі мән беріп, қолдау көрсетуін зор мәртебе деп білеміз. Меніңше, бұл шара біртіндеп дәстүрге еніп, жыл сайынғы үлкен мерекеге ұласпақшы. Демек, жақсылыққа, жанашырлыққа халық жаппай тартыла бастайды деген сөз. Қазір байқау қорытындысын анықтайтын арнайы комиссия құрылды. Өткен жылғы қарашада басталған шаруаның нәтижесі алдағы ақпан айының соңында Астанада анықталады. Жүзден жүйрік шыққандардың есімі Алғыс айту күні мәлім болады. Олардың бәрі де үкіметтік деңгейде марапатталады.

Жанар Чайарова, Іскер әйелдер қауымдастығының Басқарма мүшесі:

– Бір кезең төрткүл дүние дүрліккен аласапыран заманда мұндай игі іс-шара ауадай қажет деп санаймыз. Атыс-шабыс адамзат баласын біртіндеп қатыгездікке бастайтыны өз-өзінен түсінікті шығар. «Сұлулық әлемді құтқарады» деп жатамыз; демек, алдымен дүниені ізгілікке бөлейтін – мейірімділік! Бізді осындай жобаны жыл сайын өткізу туралы шешім қатты қуантады. Олай болса, қоғам мүшелерінің бір-біріне деген қамқорлығы, жан жылуы табиғи үрдіске айналмақшы. Ел де жақсылыққа ұмтылып, жас ұрпақтың санасы біртіндеп ізгілікке қарай бейімделеді.

Бейнелі түрде айтсақ, үлкен қайырымдылық керуені бағытын күнгейге түзеіп, еңселі елдік мұраттардың игі белестеріне беттеді деуге негізіміз бар.

Qazaquni.kz

1983 жылдың қаңтары. «Алматы» мейманханасының астыңғы кабатында Жүсекеңді — Жүсіп Алтайбаевты (Ол — карт журналшы, жазушы, «Ара-Шмельде» көп жыл Бас редактор болған) кездестіре қалдым. Тонының түймелерін ағытып жіберіп, пенжағының оң жақ жанқалтасына қолын салып, құлдырандап келеді.

— Жүсеке, ассалаумағалейкүм! — дедім қол созымда кідіріп.

Қиыс өте берген Жүсекең қалт тоқтап, маған жалт қарап: — Ә, Ғаббас, сенбісің! Уағалейкүммәссалам! Мұнда неғып жүрсің? — деді.

— Мен де бір келіншекпен кездесуге келіп едім, — дедім Жүсекеңмен қалжыңдаса беретін әдетімнен жаңылмай. Ол «хе-хе» деп екі тынысты жекеменшік күлкисін алға жіберіп, содан кейін:

— «Таздан тарақ қалғалы қашан», жай, әншейін свежий гәзет ала салайын деп кіріп едім, — деді. Мен:

— Мәскеуден үлкен Литфондтың директоры келген, соны орналастырып жүрмін, — деп жөнімді айттым.

— Ә, Рахымжанға келген екенсің ғой, жақсы болды... Сенің кездескеніңді айтам, бері, былайырақ жүрші, — деп Жүсекең мені өзіміз кездескен орта тұстан шеткерірекке, қабырға іргесіне қарай икемдеді. Жұрттың жолынан аулақтап барып тұрдық.

— Үйіңе телефон шалайын деп ойлап жүр едім, пенсионер болсам да кейде уақыт таппай қалам ба, ұмытып кетем бе, білмеймін, құнттамай жүр едім, шынында, жақсы кездестің, бір әңгіме бар, сен асығып тұрған жоқсың ба? — деді Жүсекең.

— Жарты сағаттай уақытым бар, жете ме? — дедім.

— Бес минут та жетіп жатыр, — деп жымыды да, әңгімесін бастап кетті.

Жүсекең «Ағыбай батыр» деген кітап жазып, оны баспаға тапсырып, бірақ жыры бітпей, біреу олай деп, біреу бұлай деп, соны шығарта алмай, «шақшадай басы шарадай болған» күйде екенін бұрын бір ашынып айтқан-ды. Соның мән-жайын баяндауға, кітап етіп шығаруына жәрдем жасауға көмегі тиер деген оймен Кәкімжан Қазыбаевқа барып жолығыпты. Қазыбаев: «Көрелік, ақылдасалық» деуден аспапты.

— Кәкімжан сак жігіт қой, өзін Орталық Комитетке хатшы болғалы көрмеп едім, жаңа орнымен жақсылап құттықтадым, бірақ жалбақтаған жоқпын, өзің білесің, құдай маған ондай «қасиет» бермеді ғой, ал Кәкімжанға сен туралы айттым, сен оны білуші ме едің? — деп Жүсекең маған барлай көз тастады.

— Бір-екі рет кездескенмін, баяғыда, ол «Жетісу» гәзетінде редактордың орынбасары болып жүргенінде, — дедім.

— Хатшы болғалы көрмеген екенсің ғой, құттықтап шығуың керек еді, әлі жассыңдар, — деді Жүсекең.

— Портфель сұрайтын «сырқат» менде де жоқ қой, Жүсеке, — дедім, оның «әлі жассыңдар» дегеніне орайластырып.

— Өзің білесің, журналда отырған анау Әлжіков қуды сонау жылдары Қызылордадан

осында өзім алып келіп едім, күшік кезінде, құйрығынан сүйреп, сол енді... журналдың берекесін кетіре бастады, айналдырған оншақты адамды үшке бөліп, айтыстырып, тартыстырып, пәле болды, — деді Жүсекең кенет шаршай сөйлеп, тыжырыныңқырап.

— Е, Жүсеке, кімнің ішіне кім кіріп шығыпты?!

— Сөйтсе де... ол мал болмауға айналды, журналды жұдай қылады, соны айттым... Кәкімжанға... — деп Жүсекең маған көзін қадай қарап: — Сені айттым, ананы басқа жаққа ауыстырыңдар, орнына Қабышевты апарыңдар дедім! — деді.

Мен бетіме біреу су бүркіп жібергендей тіксіне қалдым:

АЩЫ ДА БОЛСА,

Ардақты ағалар туралы үзік сыр



Ғаббас
ҚАБЫШҰЛЫ,
жазушы

— Оныңыз не, Жүсеке?! Маған оның керегі не?! — дедім.

— Оным — сол. Журналдың саған керегі болмаса да, сен журналға керексің, сатира үшін керексің. Сенен басқаның ыңғайы келмейді, бірі кәрі, бірі партияда жоқ, бірі ішеді, пәлелер! Жөн — сенікі. Барасың дейді екен, дейтін де шығар, онда сен бар, бас тартпа, ұқтың ба? — деді Жүсекең маған тағы да тік қарап, баласына аманат тапсырып тұрған әкеше қатқыл сөйлеп.

Мен енді не дерімді білмей қалдым. Жүсекең анық ренжідім. «Адам деген, пенсияға шыққан соң, тыныш қана жүрмей ме екен?! Сізден қызмет сұраған кім бар?» — дей жаздадым. Менің үндемей тұрғанымды неге жорығанын кім білсін, Жүсекең газет-журнал сатылатын жайма жаққа бұрылып қарады да, малақайының маңдайын көтеріңкіреп қойып, жөнеле берді:

— Сен Кәкімжанмен хабарлас, ол «көрелік, хабарлассың» деген, «вертушкан» бар ғой, кешіктірмей хабарлас, ал сау бол! — деп, кетті.

Ол кезде мен «СССР Жазу-

шылар одағының Әдеби қоры» деп аталатын Бүкілодақтық үлкен ұйымның Қазақ бөлімшесінде директор едім. Ал Жүсекеңмен жолығасан күні, бізге Мәскеуден сол Әдеби қорымыздың директоры Юрий Воронин келіп, оны атақты қаһарман ағамыз Рахымжан Қошқарбаев директор болып істейтін «Алматы» мейманханасына орналастыруға апарғанмын (марқұм Рахан, иманды болсын, қашан барсам да, неше мейман апарсам да, бетімді шіркеулемей қайтаратын; әрқашан: «Әй, осы жазушылардан-ақ көрдім көресімді, басымды қатырмай тез айтшы, өзіңе неше нөмір керек? Баяғы мәскеулік орыс достарың ба?» — деп күлетін де, рұхсат қағазын жазып беретін. Аңкылдап отыратын асыл ағай десеңші!) Құрылысы созылып, енді бітуге жақындаған Шығармашылық үйіміздің қалай боларын білу үшін

жайып салып, о тұсы мен бұ тұсына қызыл қарындашпен қойылған белгілерін көрсете кейіп сөйледі. «Журналдың қазақшасы да, орысшасы да журнал болмай барады, қараңызшы, міне, жанажылдық нөмірлерінің мұқабасындағы суретке қараңызшы, ұят емес пе? Бөлке нанның үстіне бөтелке арақ қойыпты, сонда жаңа жылды арақ ішумен қарсы алыңдар дегені ғой!» деп ренжиді. «Мейманкостықты насихаттағаны шығар?» деймін. «Насихаттарының, түрін, тіпті, ұят!» дейді орынбасар жолдас.

Әбдеш мені бөлім меңгерушісіне ертіп барып таныстырды да, өзі шығып кетті. Меңгеруші Георгий Шестаков ойлана сөйлейтін биязы адам екен. Сатира журналының редакциясында берекесі қалмағанын, бар-жоғы он журналшы үш топқа бөлініп, бірімен-бірі жұлқысып, Орталық

төргі қабырғада Лениннің үлкен портреті ілінген. Оның астыңғы жағындағы үстел басында Кәкімжан Қазыбаев отыр. «Келіңіз, төрлетіңіз!» деді ол, қағазынан бас көтермеген қалпында. «Төбесімен көріп отырғаннан сау ма?» деп іштей күлдім де, Кәкеңе қарай аяндадым. Жете бере:

— Ассалаумағалейкүм! — дедім. Орнынан тұрып, маған қарсы қозғалған Кәкең сәл жымып:

— Ә, Ғаббас, сәлеметсің бе? — деп қолын ұсынды. «Уағалейкүммәссаламды» айтпады, саясатшы ғой, бірақ жымыды, «ұмытпаған екен» деп ойландым. Ол менің ойымды оқып қойғандай:

— Ғаббас жолдас, сен оншама өзгермеңсің, сол қалпың, мен ұмытқан жоқпын, — деп жылы сөйлеп, аман-есендігімді сұрады.

Қиыстау тұрған үстелдің

Ю.Н.Воронин Алматыға жиі келетін.

Арада бір аптадай уақыт өткенде інірде Жүсекең телефон соғып, менің Қазыбаевпен әлі хабарласпағаныма реніш білдірді. «Бармаймын» десең сені сүйреп апармайды ғой, хабарласып, кіріп шықсаңшы!» — деді. «Кәкімжанның көмекшісі — Амангелді Қайырбаев деген жігіт. Мен соның телефон нөмірін айтайын, сен жазып ал!» деп және салмақ салды.

«Сүйреп апармайды ғойы» көңіліме қонды да, әлгі Амангелдісіне бір күні телефон соқтым. Ақырын сөйлейтін сибірлеу жігіт сияқтанды ол. «Үгіт және насихат бөлімімен хабарласыңыз, солар арқылы келесіз, біздегі тәртіп солай» деп ақыл айтты. Тәртіптің болғаны дұрыс қой. Ақылдың да артықтығы жоқ.

Сонымен, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің үгіт және насихат бөлімімен хабарласып, ертеңінде белгіленген сағатта Күләш Байсейітова көшесімен көтерілдім де, теңіз төсінде тұрған алып ақ кеме тәріздес алты қабат үйге бардым. Орталық Комитетке бірінші баруым. Үйдің іші де сыртына сай салтанатты екен: кілен мәрмәр, гранит, емен, никель бұйым-бөлшектер, аяқ астын билылдаған қызылала түкті кілемше, тіпті, табанымның таңбасы түсіп, кірлетіп алар ма екенмін деп жасқанғандайсың. «Пропуск бюросының» рұхсат қағазында көрсетілген бөлмеге кіріп едім, бауырсақ мұрын орыс келіншек: «Бөлім меңгерушісінің орынбасары тосып отыр, кіріңіз» деп оң қол жақтағы есікті нұсқады. Онда кіріп едім, ащытқысы келістіріліп пісірілген тоқаштай томпиған аппақ жігіт жылы шыраймен қарсы алды. Ақ шала бастаған қара бұйрасын шашты. Таныстық. Аты-жөні — Әбдеш Қалмырзаев екен. Әңгімелестік. «Ара», «Шмель» журналдарының соңғы бірнеше сандарын алдына

Комитетке арыз-шағым айдаумен жүргендерін, олар туралы «домалақ хат» та көбейіп жатқанын, соларды қараумен, реттейміз деумен өздерінің де жүйкесі жұқарғанын әзілдей отырып айтты. «Журналға барғаныңыз жөн, бірлесіп жұмыс істейміз» деді. Оған ойланайын деп кеттім.

«Ойланайынымның» түбі идеология жөніндегі хатшы Кәкімжан Қазыбаевқа терістеу көрінсе керек, бір күні оның қабылдау бөлмесінен бір-ақ шықтым. Орта бойлы, көзі бажырайған, өңі жожа нәсілдес қара қошқылдау жігіт — Жүсекеңнің Амангелдісі маған қадала қарады. Жүзіне күлкі нышаны жоламағалы біраз жыл болған сияқты. Маған құдды көңіл айтатын кісіше тұнжыраңқы келіп, оң қолын ұсынып: «Сіз кім боласыз? Документіңіз?» деді құпия бірдене айтқандай күбірлеп. Мен СССР Жазушылар одағының мүшелік билетін алып ұстаттым. Жігіт билетімді ашып, оқып, сонсоң өзіме қайтарды да, үнсіз бұрылып, есіктің оң жақ қапталындағы жалпақ столына барды, онда тұрған жазу мәшінкесіне бір жапырақ қағазды қыстырып, бір-екі сөз жазып алып, сірә, менің аты-жөнім шығар, соны оң қолына шошайтып ұстаған күйі қызыл қоңыр емен есікке қарай бұрылды; қайраттылау қара шәшін сол қолымен бірер сипап, пенжағының өңірін де бірер сипап, галстугын ырғап қойып, ішке еніп кетті. Оның сахнаға шығатын артистше сыланғаны маған қызық көрінді. «Артист» ізінше оралды да, маған ішке кіруге ишара жасап, өзі жалпақ столына беттеді.

Нән-нән қос есік еменнен жасалмаған, қалың матадан тігілген тәрізденіп, ешбір дыбыссыз ашылып жабылды. Соған іштей таңдана тұрып, бөлме төріне көз жібердім. Қозы өрісіндей дерлік тұстағы

кеуде тұсындағы арғы шеттен екінші орындыққа отырды да маған қарсысынан орын нұсқады. Содан кейін тағы да жымып:

— Бір қалада тұрсақ та, жүз көріспегенімізге үш-төрт жылдай болып қалды-ау, ә? — деді.

— Жазушылар съезінде жолыққанбыз, иә, төрт жыл болды. Жаңа орныңыз құтты болсын, мәртебіңіз өсе берсін! Әдейілеп келуге ыңғайсыздандым, уақытыңызды алмайын деп ойладым, — дедім.

— Е, қызмет — қолдың кірі, бүгін бар, ертең жоқ, оны қайтесің. Міне, жарты жылдай болды ма, бір әңгіме жазуға уақыт таппадым, творчествома обал болды. Сендер рахаттасыңдар ғой, жылара бір кітап шығарасыңдар! — деді Кәкең, дауысынан шынында бір сызат сезіліп сірә, жазушылығын билікке айырбастағанына өкініші бары рас болса керек. Бірақ мен сені қоймадым. Орталық Комитеттің идеология жөніндегі хатшысы болғанына риза емес деу көкейге қонар ма?! Риза болмайтыны бар — неге келді? «Сүйреп апармайды» ғой?!

— Кәке, біз жазғанымызды әрең шығарамыз, баспаға, анау баспасөз жөніндегі комитетке, одан сіздердің бөлімдеріңізге жалтақтап жүргеніміз. Ал сіздерге оп-оңай емес пе, жазсаңыздар болды — өзінен-өзі кітап болып шығып жатады, — дедім.

Кәкең орындықтың биік арқалығына шалқия сүйеніп, сиыр жалағандай жып-жылтыр боп жатқан тықыр қара шашын қос алақанымен сипағандай ишара жасап, жайдарлана ақырын ғана күлді де, қараторы дөңгелек жүзіне жарасымды қой көзімен барлай қарап:

— Ғаббас, сен де айтасың-ау! Бір әңгіме жазбағалы қашан! Жазбаған дүние қалай шықсын?! Уақытымың бәрі мына жұмыспен өтіп жатыр, тіпті



ШЫНДЫҚ...

сенбі, кейде жексенбі күндері де осында отырамын, командировка дегенің — өз алдына бір қиямет, — деді.

— Мүмкін, — дедім.
— «Мүмкін»... Жарайды, ал өзіңнің қызметің қалай? Сықақ әңгімелеріңді оқып жүремің, бірақ сен сирек жарияланасың, әлде сенде де уақыт жоқ па? — деді Кәкен.

— Творчество үйін салдырамыз деп әуреге түсіп, мен де уақытқа жарымайтын болдым, — дедім.

— Жарайды, — деп Кәкен салмақтана қалып түзу отырды да, маған салқындау қарап: — Сені «Ара-Шмель» журналына бас редактор етіп тағайындауды ұйғарды, ал сен бөлім меңгерушісіне анық жауабыңды бермеңсің, оның қалай? — деді.

— Барғым келмесе, басқа не айтуым керек?
— Барамын, бармаймын деген болмайды, партияның сенімін ақтау деген болады.

— Кәке-ау, мені қинамаңызшы!
— Себеп?

— Творчество үйін табанымнан тозып жүріп салдырттым, бейнеттің көкесін көрдім, енді соның рахатын да көрейін, тым болмаса екі-үш жыл?!
— Оның рахаты ешқайда қашпайды, өздерің үшін салдындар, рахатын да өздерің көресіндер, ол әңгімені қоялық осымен.

— Сонда...
— Журналдың халі қиын, оны ондауымыз керек.

— Кәке-ау, сонда менен басқа барар кісі жоқ па?
— Сатиралық журналға сатирик қана басшы болуға тиіс, ол бір ізбен тарта беретін басқа газет-журналдардай емес.

— Сатирик те жетеді...
— Ғаббас, кадр жоқ емес, бірақ біз саған тоқтадық, өйткені сұрыптағандарымыздың бірі партияға мүше емес, бірі орыс тіліне шорқақ, бірі ішіңкіреп жүреді... қысқасы — біз сені ұйғардық.

Жүсіп Алтайбаевтың анау жолы мейманханада кездескенімізде айтқан мағлұматын

енді Кәкеннің аузынан естідім.

— Кәке, сенім білдіргендеріңізге рахмет, алайда мен бара алмаймын, — дедім, «сүйреп апармайтындарын» есте ұстап.

— Неге бара алмайсың? — деді Кәкен, шұқшия қалып.

— Қып-қызыл отқа түсіп не сорым?

— Ештеңе етпейді.

— Жоқ, бармаймын!

— Ғаббас, сен қызбаланба, — деді Кәкен, ақырын сөйлесе де ақырғанға татырлық зілмен.

— Енді...

— Тоқта, қызбаланба. Біз көкбазарда отырған жоқпыз, саудаласпайық. Қалтамызда партбилет барда біздің қайда, қашан барарымызды шешетін, иә, шешетін орын бар. Алдымыздағы аптаның сейсенбісінде бюро болады, сонда бас редакторлыққа бекітілесің, дұрысталай кел. Сау бол! — деп Кәкен қолын ұсына орнынан тұрды. Менің жаным шыр етті.

— Кәке!..

— Басқа айтарың болса, кейін әңгімелесеміз, ал бүгінгі сөз осымен бітті! — деп ол үстеліне қарай беттеді.

Менің амалым құрыды. «Партия айтты — бітті!». Белгілі жәйтті бекерге шығарғым келгені неткенім?! Мен есікке қарай аяндадым.

— Айтпақшы, Ғаббас, баяғыдағы саудаласқанымыз да жетер, есінде ме? — деді Кәкен ту сыртынан. Дауысы көңілді шықты.

Мен естімеген кісіше кете бардым. «Көңілдене қалғаның!» деп іштей қыжырттым; қолымнан келгені сол болды.

...Кәкеннің «баяғыдағы саудаласқанымыз да жетер, есінде ме?» дегенінің әлде қызық, әлде шыжық сыры бар. Ол «сауда» бұл «саудадан» он тоғыз жыл бұрын болған. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттай оқып жүрген кезім. Көктемде кезекті сессияға келгенбіз. Бір күні старостамаз газеттің техникалық көркемделуінен лекция болатынын, сонсоң одан сынақ тапсыратынымызды ескертті.

Лекция оқуға келген жігіт өзін: «аты-жөнім — Кәкімжан Қазыбаев. Алматы облыстық «Жетісу» газетінің редакциясында редактордың орынбасарымын», — деп таныстырды. Қоңыр үнмен ақырын сөйлейді екен. Сабырлы, салауатты. Лекциясын үш күн оқып, соңында сынақ алды. Бізбен қоштасып тұрып, маған иегін ұмсынта қарап:

— Сіз, Ғаббас жолдас, макеттің мастери екенсіз, қай гезеттен келдіңіз? — деді.

— Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» гезетінен, — дедім.

— Ә, Мұқан Әбуғалиевтың кадры екенсіз ғой?

— Иә, сол кісінің кадрымын.

— Жауапты хатшысыз ғой?

— Иә.

— Жүріңіз, далаға шығалық, әңгімелеселік, — деді.

Екеуіміздің әңгімеміз «Жетісу» газеті редакциясына, жауапты хатшының орынбасарлығына шақырылуыммен аяқталды.

— Әзірше, бірер ай орынбасар боласың, содан кейін жауапты хатшылыққа тағайындаймыз, бізге бір тиянақты жауапты хатшы керек болып жүр, — деді Кәкен.

— Алматыда журналист көп емес пе? — дедім.

— Журналистің кез келгені жауапты хатшы бола ала ма? — деп қарсы сұрақ қойды.

Мен үндемедім. Көкейімнің сонау да сонау түкпірінде «Шіркін, Алматыда тұрсам ғой!» — деген бір арман бұғып жатушы еді, сол пақыр ұшып тұрып, қуаныш биін билей жөнелгендей күй кештім.

— Ертен редакцияға келіңіз, сағат он шамасында, жарай ма? — деді Кәкен.

— Жарайды, — дедім мен.

Ертеңінде «Жетісу» қайда-сын?» — деп тартып келе жатыр едім, Панфилов көшесінен Совет көшесіне бұрылар бұрышта Шәмші Қалдаяқов пен Жүмекен Нәжімеденовке кез болдым. Көгенкез таныстар шұркыраса табыстық.

— Қайнына ұрын аттанған

күйеудей қайда асығып барасың? — деді Шәмші мәз болып.

— Ойбай, бір қызық бар! — деп қайда, неге кетіп бара жатқанымызды баяндап бердім.

— Дұрыс, дұрыс, Алматыға келгенің дұрыс. Астананың аты — астана. Оспанханға сарбаз боласың, кітаптарыңды шығарасың, — деп Шәмші шын қуана құптады.

— Дұрысы дұрыс қой, тек пәтер жағы қинап жүрмесе, — деп Жүмекен сабыр сақтай пікір қосты...

— Пәтер деген мәселеде біздің көмегімізге сенуіңізге болмайды, ол жағына ұяттымыз, қызметкерлеріміздің біразы пәтерсіз жүр, қалалық Совет бізге оң көзімен қарамайды, — дегенді «Жетісу» газетінің редакторы Әбдуәли Қарағұлов бірден айтты.

Кәкен мені өз бөлмесінде көп кідіртпей, сол кісіге алып барып таныстырған-ды. Әбекен байсалды адам екен, өзі тым ақырын сөйлейтіндер жиналғаннан сау ма?» деп іштей күліп қойдым.

Редактордың кабинетіндегі «жылы шырайлы достық әңгімеміз» нақты келісімсіз тәмәмдалды. Әбекен:

— Қызметіңізде перспектива бар, Кәкен айтқан болар, — деп тоқтады.

— Бізге сіздей кадр керек, келіңіз, өкінбейсіз, — деп Кәкен тұжырды.

— Ойланайын, үй-ішіммен ақылдасайын, хабарласамын, — деп мен кеттім.

Дәлізде Жүмекен тұр екен.

— Иә, қалай? — деді ол, көзі жылтырай қымындап.

— «Қалайың» не? Үй-ішіммен ақылдаспай не дей аламын? — дедім.

— Біздің журнал да осы үйде, бірақ менің бөлмем оңаша емес, үш кісі отырамыз, жүр, далаға шығайық, саған бір қызық айтайын, — деді Жүмекен. Ол «Мәдениет және тұрмыс» журналында бөлім меңгерушісі. Екеуіміз сыртқа шықтық.

— Иә, не айтасың? — дедім.

«Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында бір орын бос көрінеді, сен мынаны қой да, соған бар! — деді Жүмекен.

— Мен келісіп қойдым ғой, — дедім, қалайша олай дегенімді өзім де аңғармай.

— Келісіп қойғаның қалай? «Үй-ішіммен ақылдаспай не дей аламын» дегенің қайда?

— Келетін шығармын деп ойладым да.

— Тәйір-ай, «келісіп қойдым ғой» дегенің сол ма? — деп Жүмекен ақырын ғана күлді де: — Әдебиет газетіне барғаның дұрыс болады, онда да жауапты хатшының орынбасары керек екен, жана анықтап білдім, аптасына бір рет шығатын газет. Мәкет-сәкет дегенің — өзіңнің қолың, сызы-ылып отырасың. Әңгіменді жазуға да уақытың жетеді, — деді.

— Мені не қылады олар? Мен жазушы емеспін ғой?

— Барып көрсенші, тоныңды шешіп алмас. Бар, редакторы Нығмет Ғабдуллин деген жазушы, жақсы адам, тура өзіне барып сөйлес, мен де сөйлесейін.

— Жүмекен-ей, сен қызық екенсің? — дедім шын таңданып.

— Ғабекесі-ей, сен де қызық екенсің, жан тыныштығыңды білмейтін! — деп Жүмекен қарымта қайтарды. Үнінен реніш табы аңғарылды.

— Жарайды, барып көрейін, — дедім.

— Сөйт, молодец! — деп Жүмекен жайдарлана қалды...

«Қазақ әдебиетінің» бас редакторы Нығмет Ғабдуллин мән-жайымды тәптіштеп сұрап алды да, басын сәл қисайта шалқайыңқырап отырып:

— Орынның бары рас, жауапты хатшымызға орынбасар керек. Оның міндетін өзіңіз білесіз, сіз өткен мектеп. Ал ол орынға алсақ, осында да адам жеткілікті, журналист дейсіз бе, жазушы дейсіз бе, бірақ... ашық сөйлесейік, сіз арақ деген пәлемен қалайсыз? — деді.

— Ол пәлемен әуестігім жоқ.

— Рас қой?

— Сенсеніз де, сенбесеніз де — осы. Бар-жоқ шынымды айтып отырмын.

Бас редактор күлді. Сонсоң:

— Қызметке алындым деп есептей беріңіз. Пәтер мәселесін де шешерміз, — деп қолын ұсынды. Мен Өскеменге жетісімен үй-ішіммен ақылдасып, хабарын дереу беретінімді айттым...

Сөйтіп, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына бір аптада қайтып оралып, қызметке кірісіп те кеттім. Жауапты хатшы ақын Ғаббас Жұмабаев екен. Мен оған орынбасар болып, ұзынды-қысқалы екі Ғаббас дізе қостық...

Үш күннен кейін, түс әлестінде, жауапты хатшы Ғабекен:

— Ұзын Ғаббас, жүр, баспаханаға кеттік. Терім цехындағы қыз-келіншектермен танысасың, осы нөмірден бастап газетті шығарудың басықасында өзің боласың, мен әбден шаршадым, дем аламын — деді маған. «Әбден шаршадым» түсінбедім. Күнде шығатын облыстық газет редакциясының азаннан іңірге дейін толастамас қарбаласынан «Қазақ әдебиетіне» келген мен болсам, кешіккен көктемнен соң жайлауға шыққандай бір мамыражай күй кешіп, тіпті екі қолым алдыма сыймауға айналған-ды. Облыстық баспахана цехының қолқанды қабатын қорғасын иісін іздей бастағандай да едім. «Қысқа» Ғаббасқа қуана ілестім.

Баспахана «Көк базардың» қасында екен. Көп қабатты үй. Бұл — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің газет-журнал баспаханасы.

— Республикалық газеттер мен журналдардың бәрі осында басылады, қазір көресің. Әрине, әуелі өзіміздің газеттен бастайсың, — деді жауапты хатшымыз. Үшінші қабатқа көтеріліп, еңселі кең залға кірдік. Жап-жарық, тап-таза, иіс-қоныс сезілмейді.

— Ғабекен, біздің облыстық баспаханаға қарағанда мынау ханның сарайындай екен! — дедім.

— Рас, рас, — деп «қысқа» Ғаббас қырылдап күлді. Зал газет беттелетін цех екен. Көзіме таныс станоктар тізіліп тұр, әрқайсысының жанында шұқынған метранпаждар — газеттің металл беттерін құрастырушылар. Жауапты хатшы ұзын қатардың орта тұсындағы бір станоктың қасына тоқтады да, қысқа жең сарғыш көйлек киген, қоңыр алжапқыш байлаған сұңғақ бойлы, қыпша белге:

— Зина, хал қалай, айналайын? Набор дайын ба екен? — деді.

(Жалғасы келесі санда)

«Я НЕ КОНЫСБАЙ» – ДА, У ТЕБЯ НЕТ ПРАВА БЫТЬ ҚОНЫСБАЙ!

ИБО ПРЕДАЕШЬ ЗАБВЕНИЮ СВЯТОЕ ИМЯ ПРЕДКОВ!

МОЖЕТ ЛИ ПОЛУЗАЩИТНИК, КОТОРЫЙ
ПРЕДАЕТ ЗАБВЕНИЮ ИМЯ СВОЕГО ДЕДА,
ЗАЩИЩАТЬ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ИНТЕРЕСЫ?



Недавно на сайте «Қазақ үні» вышла статья «Я не Конысбай»: Казахский футболист Улан Конысбаев выступил против казахизации своей фамилии». Я не смог вовремя ответить на такое выступление, потому что был в поездке, к тому же простудился и не мог работать. И я, четверть века пропагандирующий избавление от -ов, -ова, -ев, -ева, -ович, -овна, -евич, -евна – этих «рабских» аффиксов колониального прошлого, не могу остаться безучастным к этой проблеме. Поэтому, пусть и коротко, я выскажу свое мнение. К тому же будет еще одна специальная статья.

Казах, на волне духовного возрождения нации, должен был бы рад исконному звучанию имени своего предка! Но не тут-то было! Что можно сказать, когда человек не может грамотно написать имя своего деда? Или этому препятствует футбол, дающий силу лишь ногам? Ведь футболист СерИкжан Мужик-ОВ тоже был против написания своей фамилии согласно правилам казахского языка «Мұжыков». Будто это смертельно, если уберут «-ов»!

Мы же в газете и на сайте «Қазақ үні» во всех материалах, кроме официальных, пишем казахские фамилии без колониальных окончаний -ов, -ова. А вот представлять, по моему мнению, Улан как «Конысбай» не следует никогда! Но можем написать лишь для других как образец неграмотного написания исконного имени предка, данного во время обряда именнаяречения.

В письме-приглашении на торжественное мероприятие, посвященное главному празднику страны – независимости Казахстана в рамках президентской программы «Рухани жаңғыру»,

было написано по правилам казахского языка «Улан Қонысбай».

Высмеивая имя своего деда, насмехаясь над официальными символами (Астаны, программы и т.д.) на приглашении, футболист написал в Instagram: «Я не Конысбай», сопроводив насмешливо-ироничным смайликом. Действительно, у тебя нет права быть Қонысбай! Ибо предаешь забвению святое имя предков!

Я также сомневаюсь, что Улан КонысбаЕВ, избегающий имени своего деда, знает казахский язык и предан родному языку! А жители Актюбинской области, отличающиеся национальной гордостью, надеюсь, дадут соответствующую оценку выступлению со стороны полузащитника футбольного клуба «Ақтөбе» Улана КонысбаЕВа против национальных интересов, отличительных знаков имен наших предков...

Я знаю, что Улан КонысбаЕВ с любовью пишет неграмотное написание имени своего предка. Поэтому очень благодарен тому человеку, который написал «Улан Қонысбай» в приглашении на мероприятие в рамках программы

«Рухани жаңғыру» по законам казахского языка – имя спортсмена и исконное имя его предка, данное во время обряда именнаяречения. Кто бы ни написал, было бы хорошо, если он связался с редакцией?

Благодаря известным представителям казахской интеллигенции Рахманкулу Бердибай, Шерхану Муртаза и др., которые написали открытое письмо главе государства, вышел Указ Президента Нурсултана Назарбаева от 2 апреля 1996 года «О порядке решения вопросов, связанных с написанием фамилий и отчеством лиц казахской национальности».

В этом Указе говорится, что «Лица казахской национальности по их желанию вправе изменить написание своих фамилий и отчеств с исключением несвойственных казахскому языку аффиксов, но с сохранением корневых основ фамилий и отчеств».

Прошло уже почти четверть века с того момента, как был издан этот исторический Указ главы государства. До сих пор немало тех граждан, которые не расстались с колониальными -ов, -ова! И первые препятствия для них создаются в ЦОН-ах.

Противники национальных интересов могут сказать тем, которые хотят изменить фамилии по казахским нормам: «Нельзя! Тогда надо менять свидетельство о рождении, диплом, свидетельство о браке, водительское удостоверение и др. документы. Да и можете остаться без

пенсии». Это заведомо ложная информация, которую мы неоднократно разоблачали. Всё это ложь. В соответствии с Указом Президента нет таких барьеров для желания изменить фамилии.

Пункт 5 Указа гласит, что «Правительству Республики Казахстан обеспечить приведение своих нормативных правовых актов и актов центральных исполнительных органов Республики в соответствие с настоящим Указом».

У тех, кто расстался с -ов, -ова в своих удостоверениях личности, полно старых документов. Их заменяют только в случае истечения срока использования по закону.

И 29-летний футболист Улан КонысбаЕВ, который ревностно избегает написания имени своего деда по правилам казахского языка, почти ровесник Независимости страны.

Тогда кого мы воспитываем за годы Независимости Казахстана? Ведь люди, избегающие казахского написания имен и фамилий, могут и сбежать из страны, если судьба нации подвергнется критике? Может ли полузащитник, предающий забвению имя своего предка, защищать национальные интересы?

Потому что всё начинается с начала, а национальные интересы начинаются с казахизации имени и фамилии человека!

Қазыбек ИСА,
qazaquni.kz

ФИЛОЛОГИ ПРЕДЛАГАЮТ НАВЕСТИ ПОРЯДОК В ПАСПОРТАХ КАЗАХСТАНЦЕВ

Филологи предлагают навести порядок в паспортах казахстанцев. Об этом сообщается на сайте ktk.kz. Сейчас в нашей стране разрабатывают единый свод правил транслитерации казахских имен и фамилий на русский язык. Кроме того, предполагается, что в республике окончательно откажутся от исконно русских окончаний казахских фамилий, а использовать будут традиционные: -улы и -кызы.

Филологи выступают за единоеобразие. Сейчас, говорят они, в казахских фамилиях – полный разброд и шатание: одни заканчиваются на -ов, и -ев, другие - на -улы и -кызы, третьи - теги, четвертые – вообще на персидский манер -и. Тогда как единые правила, считают

лингвисты, помогут идентифицировать казахов как нацию. Подобно грузинскому Саакашвили, армянскому Джигарханяну и польскому Ковальски.

Кенжетай Куркебаев, филолог: -Ов, -ев связано исторически с присоединением к России, до этого у нас -ов, -ев никогда не было, до этого у нас употреблялось - улы или -кызы. Это даже исторически, в Средние века и древние века тюркских или кипчакских племен, всегда было -оглы, сокращенно от -улы.

Отечественные лингвисты предлагают поставить точку в разнописании казахских имен и фамилий. К примеру, отказаться от привычных -ев и -ов и перейти на нулевое окончание либо добавить -улы или -кызы. Сейчас это предложение рассматривают в Астане. Окончатель-



ное решение будет принимать комитет по языкам уже в конце этого года.

Ернур Аубакиров с филологами полностью согласен. Говорит, он давно собирался поменять фамилию. Но все руки не доходили.

Ернур Аубакиров, житель г. Алматы:

- Я хочу поменять фамилию по национальным традициям, к примеру, моя фамилия Аубакиров Ернур Орныкбаевич, и сей-

час я хочу поменять на Аубакир Ернур Орныкбайулы.

Пока жестких ограничений в выборе имен и фамилий у казахстанцев почти нет. В ЗАГСе регистрируют граждан по их желанию. А желания бывают разными: одно и то же казахское имя в русской транслитерации можно написать сразу в нескольких вариантах. Чиновники уже готовы взять на себя роль советчиков в этом тонком вопросе.

Зауреш Кусаинова, начальник отдела ЗАГС департамента юстиции г.Алматы:

- Гражданам будем предлагать правильное написание имени, допустим, пять написаний имени, вот как вы, например, сказали: Молдыр, Молдир или Молдер. То есть вот такой вот вариант на усмотрение граждан. То есть мы будем предлагать, как нужно правильно писать имя, которое они выбрали.

Впрочем, чиновники отмечают: даже если единая инструкция по именам и фамилиям будет создана, нововведения, скорее всего, будут носить не обязательный, а рекомендательный характер. А менять уже имеющиеся фамилии казахстанцев точно никто заставлять не будет.

Гульмира ШАМБАЕВА

КИТАЙСКО-АМЕРИКАНСКОЙ ВОЙНЫ НЕ БУДЕТ. МОЖНО ЛИ НАМ РАССЛАБИТЬСЯ?



В течение 2018 года Китай не раз оказывался в роли ньюсмейкера в разных масштабах, будь то противостояние с США или разные не всегда позитивные истории во взаимоотношениях с Казахстаном. Заканчивающийся год – повод посмотреть на то, что происходит вокруг нашего великого соседа. На вопросы «express-k.kz» отвечает доктор политических наук, ведущий казахстанский китаист Константин Сыроежкин.



Константин Сыроежкин

– В последние месяцы между США и Китаем отношения развивались так, что наблюдатели говорили о масштабной торговой войне. И вот мировая сенсация – в Аргентине Трамп и Си Цзиньпин договорились о нормализации отношений. Мир может расслабиться?

– Достигнутая договоренность не повышать импортные тарифы ограничена тремя месяцами. В это время обе страны будут вести переговоры о дальнейших отношениях. До чего договорятся – открытый вопрос. Я не думаю, что Трамп может изменить свою жесткую позицию. Так что это, скорее, пауза, а не шаг к принципиальному компромиссу.

Американо-китайское противостояние довольно далеко зашло, его в последнее время не только эксперты, но и политики называют не просто торговой войной, а «холодной войной». Во всяком случае, сегодня США в отношении Китая допускают выпады (как, например, вице-президент США Майк Пенс на недавнем саммите АТЭС), которые в обычной дипломатической практике не приняты. Во всяком случае, для меня не очень понятно, что означают его слова о том, что США не изменят курс, пока Китай не сменит свой. Еще категоричнее прозвучало требование, что Китай должен провести масштабные изменения в экономической, военной и политической деятельности. Не думаю, что Майк Пенс забыл, что речь идет о суверенном государстве, которое вправе проводить ту политику внутри страны, которую считает нужной. Более того, речь идет о второй экономике мира и о главном инвесторе для большинства стран Азиатско-Тихоокеанского региона.

– А как продолжение торговой войны может повлиять на экономику Китая? Серьезный кризис там не лучшим образом способен отразиться и на казахстанском экспорте в Поднебесную...

– По подсчетам китайских экономистов, максимальные потери экономики Китая составят 3-5%. Это существенно, но не критично. Тем более что в сегодняшнем своем состоянии, я имею в виду возросшую покупательную способность населения страны, Китай может несколько изменить парадигму развития и в большей степени переориентироваться на внутренний спрос.

Кстати, об этом и говорил Си Цзиньпин на международной импортной выставке в Шанхае, когда заявил, что в ближайшие 15 лет китайский импорт товаров и услуг превысит соответственно 30 и 10 трлн долларов.

– Недавно мировые СМИ цитировали Си Цзиньпина, который якобы призвал готовиться к войне с США. Прозвучало ли в действительности такое заявление? Насколько вероятна вооруженная конфронтация между США и Китаем?

– Здесь, как всегда, захотелось «жареного». На самом деле Си Цзиньпин просто повторил свой тезис, озвученный им на XIX съезде компартии Китая. Напомню, что на съезде в сфере обороны и модернизации Народно-освободительной армии Китая была поставлена цель создания могущественного государства и всегда готовых к бою мощных вооруженных сил. В этом контексте к 2035 году планируется в основном осуществить модернизацию национальной обороны и армии, а к середине XXI века полностью превратить НОАК в вооруженные силы передового мирового уровня.

Что касается вооруженного конфликта между США и Китаем, то я не верю в подобную перспективу. Риторика, даже очень агрессивная, – это всего лишь риторика. Вооруженный конфликт – совершенно иное состояние, и сегодня ни США и их союзники в регионе, ни Китай не заинтересованы в открытом вооруженном противостоянии, поскольку его последствия предсказать невозможно. Конечно, если исключить какую-либо серьезную провокацию со стороны США. Хотя и в этом случае дело вряд ли дойдет до открытого вооруженного противостояния.

– А насколько объективно обоснован конфликт США и КНР последних месяцев? Противоречия между ними существуют давно, но они не выходили на такой уровень, как сейчас. Не результат ли это в немалой степени субъективного фактора – политических манер президента Трампа?

– Помимо предвыборных обещаний Трампа существуют и другие факторы. Ведь если называть вещи своими именами, наибольшее раздражение в США вызывает тот факт, что Китай демонстрирует всему миру успешность китайской модели развития, которая коренным образом отличается от той, которую США вместе с патронируемыми ими такими международными институтами, как ВМФ и Всемирный банк, последние 50 лет навязывали всему миру. Если суммировать

все требования США к Китаю и их действия в рамках торговой войны, становится вполне очевидно, что это попытка если не остановить, то хотя бы существенно затормозить развитие Китая, а главное, его выход на качественно новый уровень. Отсюда и главный объект нападок – программа «Сделано в Китае-2025».

Насколько это отвечает принципам равноправия, свободы рынка и мировой торговли – вопрос риторический. Китай развивается слишком быстро, и это основной раздражитель.

– Как эти процессы могут отразиться на Казахстане и Центральной Азии? Ведь до сих пор стабильность в регионе отчасти держалась на консенсусе в отношении него США, КНР и России. Нынешняя конфронтация США и Китая не может иметь проекции на нас?

– Даже в сегодняшних условиях никто из главных акторов мировой политики не заинтересован в дестабилизации ситуации в Центральной Азии вообще и в Казахстане в частности. Хотя конкуренцию и соперничество между ними никто не отменял. Но с этим мы живем все последние три десятилетия. Более того, несмотря на



конкуренцию и некоторое соперничество, главные сферы интересов и влияния в регионе между геополитическими акторами уже в основном поделены. И хотя имеют место попытки «залезть в чужой огород», как правило, это явление временное и в своем большинстве обреченное на провал. Безусловно, это создает некоторую интригу и осложняет жизнь политикам государств региона, но на то она и многовекторная политика.

Что касается конфронтации между США и Китаем, а главное, проекции этой конфронтации на нас, это вопрос из области «рассуждений по поводу». Наша экономика слишком маленькая, чтобы оказывать сколь-нибудь существенное влияние на экономику Китая и в особенности США, объемы внешней торговли с которыми мизерны. Китай будет расширять импорт продовольствия из стран региона, но здесь вопрос заключается в том, сколько мы готовы поставить на экспорт.

– Если говорить об экономическом сотрудничестве Казахстана и Китая, то здесь главная интрига – это давно анонсированный 51 проект, который должен реализовываться в Казахстане с широким китайским участием. Многие ли проекты запущены?

– Проект «51 завод» находится в ста-

дии реализации. Правда, по большинству предприятий с задержкой на два-три года. Пока неизменными остаются два показателя: 51 проект и объем инвестиций в размере 27,7 млрд долларов. Внутри идет постоянное согласование и замена проектов. Причина банальна – некоторые проекты уже сейчас нерентабельны, поэтому строить их нет никакого смысла.

Есть проблемы с бюрократическими проволочками как с той, так и с другой стороны. Но процесс идет, и это – главное. Причем, как ни парадоксально, наиболее успешно он идет в аграрном секторе, поскольку эти проекты не требуют больших средств и могут инвестироваться без государственных гарантий.

– К этой теме близка проблема использования ресурсов трансграничных рек – одна из самых старых тем в отношениях Казахстана и КНР. Как обстоит ситуация сейчас?

– Пока ничего не изменилось. Соглашение о водodelении должно было быть подписано еще в 2015 году, но пока оно не готово. Во всяком случае, оно не подписано. Причин такой задержки объяснить не могу, поскольку работа согласительной комиссии особо не афишируется.

– В уходящем году часто и громко звучала тема преследования оралманов в Китае. На ваш взгляд, как надо решать эту проблему?

– Во-первых, по каждому случаю необходимо разбираться отдельно, а для этого нужно создать совместную казахстанско-китайскую комиссию, состоящую из дипломатов и юристов. Думается, в деятельности такой комиссии заинтересована и китайская сторона, поскольку сохранение этой проблемы в подвешенном состоянии может не только нанести серьезный ущерб имиджу Казахстана и Китая, но и доверительному климату в казахстанско-китайских отношениях.

Во-вторых, для понимания общей ситуации необходимо проведение исследований, имеющих своей целью детальное прояснение ситуации в среде оралманов, в том числе и оралманов из Китая. Многие проблемы возникают именно из-за отсутствия детального понимания этого вопроса.

– Некоторые казахстанские эксперты считают, что в среднесрочной перспективе КНР станет доминирующим внешним игроком в нашем регионе, вытеснив Россию. Это серьезно отразится на евразийском проекте. Как вы расцениваете такую возможность?

– Это вряд ли возможно. Как я уже говорил, главные сферы влияния и интересов в основном уже поделены. КНР не намерена залезать в «огород» России, тем более что она не желает брать на себя всю полноту ответственности за безопасность в регионе. Что касается экономики, то Китай по факту уже является основным, хотя и не доминирующим игроком в регионе. С точки зрения объемов кредитования и инвестиций. Скажу больше. Если посмотреть на сферы интересов в экономике России и Китая в регионе, то они практически не пересекаются, за исключением торговли.

ЗАРУБЕЖНЫЕ БИЗНЕСМЕНЫ ВЫСТРАИВАЮТСЯ В ОЧЕРЕДЬ ДЛ ПОКУПКИ УНИКАЛЬНОГО КАЗАХСТАНСКОГО «ОДУВАНЧИКА»

Три здоровенные международные корпорации громко и настойчиво стучат в двери скромного казахстанского ТОО «Кок-сагыз ТМ», которое занимается выращиванием одуванчиков. Об этом рассказал cagavan.kz.

Это знаменитая американская «Wrigley», резинку которой жует полмира, итальянские и шведские шиномонстры «Pirelli» и «Trelleborg», обувающие в свою резину все, что едет, — от игрушек «Лего» и велосипедов до сельхозтехники и самолетов.

Лет 15 назад, когда алматинка **Камила Тусупхановна МАГЗИЕВА** сказала, что займется производством каучука из кок-сагыза (это сорт одуванчика, который произрастает только на юге Казахстана), ее коллеги и друзья выразительно вертели пальцем у виска: **блаженная, что с нее возьмешь?** Когда в 2015 г. с 20 соток она получила первый урожай — два млн семян (это всего около 900 гр), скептикам стало не до смеха. Американские и европейские партнеры тоже в известной степени рисковали. А теперь рассчитывают на законную прибыль в промышленных масштабах.

— **Камила Тусупхановна, три года назад вы мечтали засеять два гектара...**

— В прошлом засеяла пять. Год был неурожайный для нас. И немного с гербицидами намудрили. Но собрали хорошее количество крупных корней. Сейчас пытаемся из них получить экспериментальный натуральный каучук в наших весьма скромных условиях. Отправим партнерам-шинопроизводителям для создания опытных товаров. Если пройдем у них сертификацию, то они инвестируют в наш проект огромные деньги. И, кстати, мы получили патент на свою технологию. Шесть лет назад одними из наших партнеров в европейском проекте были американцы. В ходе исследований им досталось жалкое количество семян, даже не полнаперстка — только вазу на подоконнике засеять.

Но корпорация «Wrigley» из этого жалкого полнаперстка обеспечила себе пожизненный доход. Они сделали жевательную резинку из нашего кок-сагыза. Определили, что он сам по себе сладкий из-за наличия фруктозы, значит, дешевле обойдется — сахар добавлять не надо.

Ко всему прочему способствует здоровью зубов и диабетикам

не противопоказан. Естественно, свое изобретение «Wrigley» запатентовал. И теперь, кто бы ни производил жевательную резинку из кок-сагыза, роялти платить будет американцам.

— **А европейцы?**

— А европейцы, наши партнеры из голландского концерна по производству шин «ApolloVredestein», обули для «Евробайка-2017» целую велокоманду в шины, сделанные из нашего каучука. Не знаю, какое место команда заняла, зато шины даже не поцарапались. В прошлом году эта же компания обула два джипа кок-сагызом и пару месяцев гоняла их по зимним горам Новой Зеландии. Удостоверились, что шины из наших одуванчиков на морозе не скукоживаются, на жаре не плавятся, неохотно изнашиваются.

Справка «КАРАВАНА»

Заказчики сравнивали покрышки, изготовленные из гевеи, гваюлы и кок-сагыза. После 8 тысяч миль пробега «гваяльские» начали разваливаться, «гевейские» потребовали замены после 15 тысяч миль. «Наши» пробежали 23 тысячи миль, то есть почти 30 тысяч километров, не изменив формы. После этого эксперимент прекратили за отсутствием конкурентов.

Вот на авиашасси, увы, материала не хватило.

— **А не брутальнее было бы этим джипам — да по казахстанским горам и бездорожью?**

— И дешевле (хочовет), и жестче было бы, наверное. Но после этих испытаний у них глаза на лоб лезли: минимальная изношенность! Кстати, у меня договоренность с «Pirelli»: весной я должна отправить им минимум 5 килограммов каучука из урожая прошлого года. Сейчас оформляю документы на 150 гектаров, спасибо акимату Алматинской области — дал площади. Засею их в марте. Через 120 дней — тыфу-тыфу-тыфу — надеюсь взять 300–350 тонн корней, из которых можно будет получить 30–35 тонн натурального каучука. Если все пойдет нормально — выделят еще 565 гектаров.

— **Ого! Это уже промышленные масштабы...**

— Дайте мне 400 гектаров — мы закроем потребности Казахстана в натуральном каучуке из кок-сагыза. 2 500 — Европу и ее окрестности.

Кок-сагыз — наш эндемик. В другом климате, на чужих почвах



Камила Магзиева, голландский партнер из компании «KeyGene» Анкер Соренсен и президент «The Bassiouni Group» (США) Дэвид Бассиони в велосипедной шине

корень вялый и мочковатый.

А у меня — ух! — крепкий, как морковка! Толстый и длинный. Спасибо нашим голландским партнерам: они несколько лет экспериментировали с нашими семенами, перекрещивали и получили новый сорт кок-сагыза, который не цветет.

— **Как не цветет?!**

— Ну, у него нет ни пушистика, ни цветка. Только стебель и корень. Зато проще собирать, сушить и перерабатывать. Кстати, это чудо мы показали и Президенту Казахстана Нурсултану Назарбаеву в 2014 г. еще — в Гааге.

— **А где и как вы собираетесь корни перерабатывать?**

— Есть в Казахстане институт, который занимается механизацией сельского хозяйства. Сейчас у них



Корни нецветущего кок-сагыза

что-то вроде испытательного стенда. Этой осенью, бог даст, поставим на краю нашего поля мини-завод — полноценную технологическую линию, которую мы собираем из разных агрегатов. Из нашего кок-сагыза можно производить и каучук, и фруктозу, и латекс, и инулин, и разлагаемый биопластик. Но мы пока ориентируемся только на производство натурального каучука. Просто спрос на него выше. А нашим биопластиком, превращающимся в земле в биоудобрение, кстати, заинтересовалась одна известная компания, которая производит сладкую газировку.

— **Кока? Пепси?**

— Сейчас рано говорить. Да, а жмых можно использовать в качестве основы для биотоплива — будем обогревать им наши произ-



Фото - В руках у меня и нашего партнера из Университета Вагенингена (Голландия) Франса Каппена такие здоровые куски натурального каучука, полученного из корней урожая 2017 г., включая корни, выращенные нами в Казахстане

водственные и жилые помещения. Ну и вода, которую используем в процессах, как удобрение на поля пойдет. Безотходное производство! Полевые рабочие — это только на сезон. Но завод, который осенью построим, — это уже 20–30 постоянных рабочих мест.

— **С одного барана три-четыре шкуры содрать?..**

— И больше можно. С нашей продукцией мы можем зайти и на косметический, и на фармацевтический рынки мира.



Свежайший кусочек натурального каучука из кок-сагыза

— **Камила Тусупхановна, а это, извиняюсь, не Нью-Васюки? У нас и планшеты собирались делать, и биотопливо производить, и вертолеты...**

— Мои американские и европейские партнеры умеют считать деньги. Они несколько лет кричали нашим бюрократам: дорогие казахи, обратите внимание на ваш кок-сагыз! Что вы так долго тянете?! Этот проект давно пора коммерциализировать, надо уже прибыль получать — все исследования закончены. Хотя у меня они на 20 лет вперед запланированы и прекращать их не собираюсь. Я в курсе, что происходит на этом рынке. Вот пару недель назад цунами уничтожило тысячи гектаров гевеи в Малайзии (основной поставщик натурального каучука в мире). Им

Справка «КАРАВАНА»

В 1926 г. Генсек ЦК Иосиф Сталин поручил найти ареалы произрастания каучуконосов: автопром в стране уже был. А во что обувать колеса? В 1931 г. в Казахстане нашли кок-сагыз, который стали высаживать от Белоруссии до Сибири... 300 заводов по всему СССР производили каучук из кок-сагыза. Но потом пришел Хрущев со своей кукурузой. Памятником сталинскому проекту остался поселок в Туркестанской области под названием Каучук. Сегодня там развалины предприятия. Сейчас Казахстан импортирует натуральный каучук из гевеи — порядка 50–60 тонн ежегодно. Платит за каждую тонну 750–850 долларов. По словам Камилы Магзиевой, отечественный товар обошелся бы государственной казне вдвое дешевле.

лет 8–10 понадобится, чтобы восстановить плантации... В эти же дни я презентовала свой проект в Талдыкоргане. Не ждала, что местные предприниматели проявят такой интерес к моему проекту: прямо душу вынимали своими вопросами-допросами. Готовы вложиться. А в НПП «Атамекен» пару лет назад мне сказали: «Да, это интересно. Но нужно посмотреть на первые результаты». А у меня уже вторые подоспели.

— **Кому и что они дали?**

— Американцы и европейцы, которые инвестируют в наш проект свои миллионы, уже застолбили за собой кок-сагыз в международных коммерческих документах. Промышленное освоение по отдельным позициям — еще нет.

Наше министерство сельского хозяйства до сих пор не может определиться, помогать нам или нет.

Хотя знают, что я сама нашла инвесторов, сама искала землю, да и своих денег потратила немало, чтобы довести проект до кондиции. А в Восточно-Казахстанской области до сих пор считают, что я собираюсь выращивать сорняк, который погубит сельхозкультуры! Кок-сагыз у меня не сорняк, а новая культура.

— **Стоп! Вы же действовали через «Казახинвест»?**

— Мой проект шел в общем большом списке. Один из четырех, который выбрали американские инвесторы, — мой.

— **Извиняюсь, и сколько вам досталось?**

— Не скажу, чтобы не слгзлить. Я своих зарубежных партнеров понимаю: они поняли, что кок-сагыз для них — золотая жила. А выход на международный рынок с эксклюзивным продуктом — инновационный прорыв. Но цветок-то наш, казахстанский.

У «Pirelli», к слову, шинные заводы в России простаивают, «Trelleborg» тоже ищет сырье. И «ApolloVredestein» с удовольствием будет покупать наш каучук.

Поэтому и наш американский партнер «The Bassiouni Group», и голландский «Flowerdale Capital» готовы инвестировать в наш проект. Но у них есть одно условие.

— **Любопытно, какое именно...**

— Чтобы одним из соинвесторов был казах. Не важно, сколько вложит: 50, 100 или 500 тысяч долларов!

— **В качестве подушки безопасности?**

— Ну, можно и так сказать...



Зимние шины из кок-сагыза, сделанные нашим голландским партнером, «Аполло Фредештайн» — крупным концерном по производству шин любого размера, от шин для лего до шин для самолетов. Эти шины испытаны в зимних условиях Новой Зеландии

(Соңы. Басы өткен санда)

Кейбіреулер «Қазақтың І/і дыбысының таңбасы ретінде латынның [i] әрпін алған жөн» дегенді айтады. Біздің ойымызша, бұлай етуге болмайды. Неге десеңіз, сыртқы тұлғасы жағынан қазақтың І/і әрпі (дыбысы) латынның [i] әрпіне сай келгенімен, оның жуан сыңары – Ы-ның латын әліпбиінде таңбасы (әрпі) жоқ. Сондықтан жуанды-жіңішкелі екі дыбысқа латынның бір ғана У таңбасын алып, жіңішкесінің үстіне әлгіндей шартты белгіні қойсақ, сол жарап жатыр.

Міне, латынның небәрі 23 таңбасымен (олардың алтауының үстінде шартты белгі бар) қазақ тіліне тән 29 дыбысты таңбалап шықтық. Кейбіреулердің айтып жүргеніндей, қазақ тілінің 29 дыбысын таңбалау үшін латынның 26 әрпі жетпей қалған жоқ, қайта, керісінше, оның үш әрпі (V, F, X) артылып қалды.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЕМЛЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Енді өзімізге тақырып болып отырған «Қазақ емлесінің негізгі ережелеріндегі» баптарға келейік.

6-10 баптардың бесеуінде де бір ғана І, Ы (кириллица И, У) әріптерінің емлесі туралы айтылған. Бар ғәп олардың жеке дыбыстар емес, қос дыбыстың, айталық, И – ый/ій, ұй/үй дыбыстарының, У – ұу/уу, ыу/іу дыбыстарының қосындысы екендіктерінде ғана.

Басқаша айтсақ, «Ережені» түзушілердің ұлттық тіліміздің ерекшеліктерін білмеуінде, білсе де оны мойындамауында. Олай болса, орыс тілінің (сөздерінің) қамын ойлап, соның ырқынан шыға алмай, қазақ тіліндегі БҮЙ/ІЙ, ҰЙ/ҮЙ дыбыстарын латынның бір ғана І таңбасымен, ал ҰУ/УУ, ЫУ/ІУ дыбыстарын латынның Ү таңбасымен бергеннен гөрі осы тіркесті дыбыстарды жеке-жеке дыбыстарға тарқатып жіберіп, біздің ұсынымызы бойынша түй/түй (тый/тіій), иіуw/u'іуw (ұйыу/үйіу) деген сияқты таңбалармен белгілесек, Елбасымыз айтқандай, «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталған» болар еді, жазуда қазақ тілінің заңдылықтары ескерілген болар еді.

Қайталап айтамыз, егер бұлай еткен болсақ, «Ереженің» 6-10 баптарында көрсетілген қи, ки, ми, си, баю, сую сөздерінің жазылулары осы жерде көрсетілгендей емес, біз ұсынғандай, дыбысталуы бойынша қый, кій, мый, сій, байыу, сүйіу деген түрде жазылар еді.

11-бапқа берілген ескертуде: «Кейбір кірме сөздер үндесім сақталмай жазылады» дей келіп, оған мұғалім, қадыр, қазір, кітан т.б. сөздерді мысал ретінде келтірген. Қате пікір. Бұл сөздерді мұғалым, қадыр (Мырзалиев) немесе кәдір, кәзір, кітәп деп жазуға неге болмайды? Ұлт тілінің ерекшеліктерін сақтағанымыз осы ма?

28-бапта «да/де шылауымен келген ұр да жық, ас та төк т.б. тіркестеріне -тық/тік қосымшалары қосылса, олар бірге жазылады» делінген. Неге? Ұр да жық неге бөлек жазылады? Ұрдажықтық неге бірге жазылады? Бұл бап қазақ тілінің қай заңдылығына негізделген?! Мүлде түсініксіз.

36-бапта «бірге жазылады» деп, алабұлбұл, ақшабақ, бозбетеге,

қызылбидай деген тәрізді біраз сөздерді мысал ретінде беріпті. Бұлар туыс атаулар емес, түр атаулары. Сондықтан мұндай сөздер орфографиялық сөздікте бөлек жазылуға тиісті.

39-бапта: «Лексикаланған фразеологизмдер бірге жазылады» деп, оған мысалға ақниет, ақиық, ақкөңіл, ержүрек, атүсті, атсалысты дегендерді келтіріпті. Бұлар лексикаланған фразеологизмдер емес, нағыз фразеологизмдердің өздері. Фразеологизмдерді біріктіріп жазуға болмайды.

68-бапта: «Мемлекет, мемлекеттік басқару органдары мен лауазым атауларының құрамындағы сөздер бас әріппен жазылады» делінген. Жарайды-ақ. Қазақстан Республикасы деген атау осылай бас әріптермен жазылсын. Ал осы бас әріптермен жазылған күрделі сөзбен тіркесіп келетін үкіметі, премьер -

министрі, парламенті, сенаты, төрағасы деген сөздерді бас әріппен жазудың қандай мұқтажы бар?! 86-бапта «Е әрпінің алдында тұрған айыру белгісі (ъ) ескерілмейді. Мыс.: субъект, обект...» делінген. Біздің ойымызша, «ескерілмейді» деген сөзден кейін, «оның орнына ІЙ дыбысы қойылады» делінсе, субъект > сүбііекті, обект > обііекті болып жазылар еді.

98-бапта «Ағылшын тіліндегі түпнұсқада W әрпімен басталатын кейбір сөздер Ү әрпімен жазылады: мыс., ұatsap, үiki, үikipedia, үeb-sait» делінген. Бүйтіп барды жоққа, жоқты барға айналдырғанша, қазақ тіліндегі У дыбысына, жоғарыда біз айтқандай, неге латынның W әрпін таңба етіп ала салмаймыз. Сонда Ү әрпі босап қалып, ол қазақ тіліндегі І дыбысына (іні сөзіндегі і-ге) таңба болар еді.

101-бапта: «Й мен У дауыссыздары екі дауысты дыбыстың арасында келгенде да-уыс (дау-ыс емес), са-уат (сау-ат емес), да-йындық (дай-ындық емес), құ-йын (құй-ын емес) түрінде тасымалданады» делінген. Бұл бап мүлде түсініксіз. Мыйға кірмейді, ақылға сыймайды. Көрсетілген сөздерді тасымалдаудың ең дұрыс жолы – жақша ішіндегі «емес» деп көрсетілген тасымалдаулар емес пе?!


Біздің ойымызша, «Ережеге» бұлардан басқа тағы да бірер бап қосу керек сияқты. Солардың бірінің мынадай болғаны жөн: Ақыр шетел сөздерін қазақшаға икемдегіміз келеді екен (мұны мен дұрыс деп есептеймін – Б.Қ.), ендеше «шетел сөздерінің соңында қатар тұрған екі дауыссыздың арасына жуан-жіңішкеліктеріне қарай Ы/І қысандарының бірін қойып жазсақ», дұрыс болмаспа еді?! Мыс.: әнсәмбіл, ресуррыс, сыйфыр (78), сіліндір, лүкіс (82), дүбіл (84), т.б.

«Қазақ әліпбиін енгізудің алғышарттары және емле ережелерін көпшілік талқылау атты республикалық шараның тұжырымдамасы» деген қосымшада айтыла-айтыла әбден жауыр болған «шегара, көгөніс сөздерінің жазылуын өзгертіп, қайтадан шекара, көкөніс деп жазатын болдық» делінген. Талқылау үстінде Тіл білімі

институтының өкілінен бұл өзгеріске «не себеп болды?» деп сұрадық. Ол: «Журналистер қайта-қайта өзгерте бересіндер деп қарсы болды» деп жауап берді.

Сонда біз «Қазақ тілі емле ережелерін» әркімнің қалауы (талап етуі) бойынша жазуымыз керек пе? Онда қазақ тілінің өз заңдылығы қайда қалады?

Егер осы шешім Ережеге осы күйінде енетін болса, онда жүздеген жыл бойы Ботагөз, жарғанат, көгет, қолғабыс, қолғанат, қолған деп жазып келген сөздер ендігі жерде Ботакөз, жарқанат, көкет, қолқабыс, қолқанат, қолқап деп жазатын сияқтымыз.



■ DÚNIE-KERYÉN



КӨРНЕКТІ АҚЫН ОРАЗАҚЫН АСҚАР ӨМІРДЕН ОЗДЫ

Қазақ әдебиеті тағы да ауыр қазаға душар болды. Сексен төрт жасқа караған шағында белгілі ақын, балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Оразақын Асқар өмірден озды.

Оразақын Асқар 1935 жылы 16 мамырда Шығыс Түркістан өлкесінің Іле аймағына қарасты Мүкей Қаратас деген жерде дүниеге келген. 1951 жылы Үрімші қаласында ашылған Ұлттар институтының тіл және әдебиет факультетіне түсіп, оның екінші курсын аяқтағаннан кейін «Шыңжаң газеті» редакциясына қызметке тұрды.

1955 жылы атамекені Қазақстанға көшіп келіп, 1961 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп шығады. 1955 жылы жарық көрген «Қос жүрек» атты жас ақындардың ұжымдық жинағына өлендері енген.

Біраз жыл Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, этнография және археология институтында кіші ғылыми қызметкер, одан кейін Қазақстан Жазушылар одағының көркем әдебиетті насихаттау бюросында нұсқаушы, республикалық Кітап палатасында бөлім менгерушісі, «Жалын» баспасында аға редактор болған.

Қазақтың кара өлеңін жинап, екі томын бастырды. Сонымен бірге, зейнеткер кезінде де әдебиет ісінен қол үзбей «Балауса» баспасында «Әдеби мұра» бағдарламасына орай, «Әлем балалар әдебиетінің» қазақ тіліндегі елу томдығын шығару жұмысына атсалысып, әдебиеттің өркендеуіне үлкен үлес қосты әрі осы жауапкершілікті міндетін абыроймен атқарды.

Осы еңбектері лайықты бағаланып, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Ерен еңбегі үшін», «Тәуелсіздіктің 10 жылы» медальдарының, Мұқағали атындағы сыйлықтың иегері атанды. Көп жылғы тынымсыз еңбегі үшін Панфилов ауданының Құрметті азаматы атағы берілді.

«Тұңғыш», «Мейірім», «Күнгей», «Ләйла», «Көкорай», «Балқарағай», «Сәулет», «Таудай бол!», «Белжайлау», «Өркеш», «Керімсал», «Баркөрнеу», «Орбұлақ», «Тәуелсіздік тартулары» атты жинақтары жарық көрген. Оразақын Асқар қазақтың кара өлең түрлерін ұзақ жылдар бойы ел ішінен жинап, жиырма мың жолдық «Қара өлең» атты екі кітабын жариялады.

Қазақ әдебиетінен өзіндік орнын алған каламдасымыздың жарқын бейнесі оқырман қауымымен әріптестерінің жүрегінде ұзақ сақталады.

Қазақстан Жазушылар одағы
басқармасының секретариаты

Байынқол ҚАЛИЕВ,
филология ғылымының
докторы, профессор,
Абылай хан атындағы Қазақ
халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университетінің
оқытушысы

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Латын графикасына негізделген қазақ тілінің әліпбиі. Астана, 19.02. 2018.
2. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері. Астана, 2018.

«Домбыра тартсаң,

Мұқандай тартсын» деген әңгімені бала

күнімізде үлкендерден жиі естігенбіз. Бірақ ол

кісі кімнің күйін, қандай күй шертетінін білмейтінбіз.

Ел айтса бекер айтпайтыны белгілі жайт, қалайда Мұқан қарияның күйін тыңдау, ойымнан кетпей жүрді. Қарияның үйіне 70 жылдардың ортасында бірнеше мәрте бардым. Бірақ өзінің жасы келіп қалғандығын алға тартып, шығарып салған еді. Кейін қарияны тағы да іздеп бардым. Әңгімеміз сол жолы жарасты. Мұқан қария мені көңілді қарсы алды. Амандық саулықтан соң көзім төрде ілулі тұрған кішкене домбыраға түсіп: «Мына кіп-кішкентай домбыраны кім жасаған?» дегенім де, «ой, балам-ай, домбыраның кішкене болмайды. Еріккенде ермек болсын деп, жасаған едім» деді. Қария орнынан тұрып, ілулі тұрған домбыраны қолына алды. Құлағын бұрап, шанағын қақты. Үні күмбірлеп тұр.

ТАНЫЛМАЙ ҚАЛҒАН Күйші

«Домбыра бабында болу үшін үнемі тартып тұру керек. Шанағы қаңсып, ішегі тартылып тұрған аспапта не әуен болсын» дегенде, бізге дастарқан жасап жүрген шешеміз: «бала Алматыдан келгенде, білгенінді тартып берсеңші» деді. Қария үндемеді. Домбыра кішкентай болғанымен шешендігінен көп жоқ екені ол кісі қолына алып, шанағын қаққанда байқалды. Пернедегі салалы саусак сан құбылып жорғаласа, шанақтағы қағыс бірде төгіліп, бірде шерткенде домбыраға жан бітіргендей сөйледі.

— Өміріме біраз серік болған домбыраны кезінде бір кісідей тарттық. Көңілім қалаған күйді ұстап қалдым. Тарта берсең, күй көп. Қазір жас келген соң домбыра тарту да қалып барады. Ара тұра қолға алғаным болмаса, домбырадан қол үзіп барамын. Ел ішінде неше бір дауқес күйшілер өтті. Олардың кейбірімен дәмдес болдым. Күйдің көңіліме қонғанын үйреніп, тарттым. Көз көргендердің қағыстары мен тартуына да баса мән беретінмін. Домбыра тартқан соң оны тез қабылдап, тарту да — шеберлік. Бала кезімде домбыраға әуестігім ауылдағы ағайын-туғаннан жұқса, кез-келген той-домалақ домбыра шертілмейінше өтпейтіні белгілі. Сонда домбыра тартып, елдің қошаметіне іліктім. Өткен ғасырдың 30-шы жылдары Кеген, Шонжы, Нарынқол және Шығыс Түркістанға белгілі күйшілер көп болған. Соның бірі — Албанның Қожбанбет руындағы Кәдір деген атаның Мыңжасар тармағынан тарайтын Максұт Додабаев деген кісіні көзіміз көрді. Кейде ел Максұттың руын қосып, «Кәдір молда» деп те атайтын еді. Өзі ақын әрі әнші, сол кездегі білімді азаматтың бірі деп жұрт құрметтейтін. Ауылдың балаларын оқытатын мұғалім деп те еститінбіз. Ол жылдары мұндай адамдар ел арасында аз, Максұттың әнін тыңдап, күйін есту біз сияқты бозбалаға

қызық. Сол Максұт Асан қайғының «Дүние сарсан» деген күйін бір отырыста тартқаны есімде. Уақыттың аумалы-төкпелі кезінде Максұттың керемет адам екенін көбіміз білмей өттік. Кейін Максұтты жарыққа шығарғандар болмады. Тек ол кісіден бір ғана күйін ғана ұстап қалдым», — деп Мұқан қария қолына домбырасын алмастан бұрын екі білегін сыбанып алып, күйін тартты.

Домбыра кішкентай болғанымен шанағынан күңіренген күйдің ұзын сарынды үні тебіреніп шықты. Үнінде тебіреніс пен толқуды ырғағы қайталанып жатыр. Бұрын соңды Асан қайғының күйін естіп көрмеген маған күй ерекше әсер қалдырды. Малдас құрып отырған Мұқан қарияның екі ұрты бірде ішке кіріп бүлкілде, мұрнымен демалып, отырғандай көрінді. Күйдің ырғағымен ол кісі бар денесімен алға қозғалғаны байқалды. Күйде әлемнің кендігі аңғарылса, соны арман еткен Асан қайғы домбыраның шанағына сыйдырып, күй төккені анық білініп тұр. Қария күйді ұзақ қайырып барып аяқтады. Осыдан кейін күйші орнынан тұрып, үлкен үйден кәдімгі дүкеннің домбырасын алып келіп, әңгімесін жалғады.

— Ертеректе руы суан, өзі батыр әрі ақын Әтіке деген кісі өткен. Қытайлардың саясатына қарсы шығып, соғыскандардың бірі. Әтікені ұстай алмаған қытайлар талай айла тәсіл жасап та көрген. Бірде Әтіке батыр бір әйелдің үйіне барып түнегенде ұстапты. Батырдың пәрленкесін (мылтығын) қонған үйдегі әйелі тығып қойып, ұстауға көмектескен екен. Қапыда ұсталған батыр өлер алдында бір досына сәлем айтып, өлең де шығарғаны ел ауызында. Оның жүрген жерінде «Әтікенің шоқысы» деген шоқы да бар. Оны ел жақсы біледі. Сол кісінің «Желдірме» деген күйін тартайын, — деді.

Күйде аттың желісінің ырғағы сан құбылып, жазықта

еркін көсілген шабысы да елестейді.

— Атақты күйші Қожекенің баласы Рақыш да есепсіз күй тартты. Оған тең келер күйші Қытай жерінде некенсаяқ болған. Рақышты көзіміз көрмесе де күйін тыңдап өстік. Шеберлігі жағынан талай дауқес күйшілердің алдын ораған. Жаздың Жаймашуақ жайлауында Рақыш және ағайынды Нұрмұқанбет пен Бекмұқанбет үшеуі қымыз ішіп отырған ортаға түсіп қалған. Атақтарына жұрт қанық ел үшеуіне қолқа салып, домбыра тартқызып, өнерін тамашалапты. Бірінен-бірі кезек күткен олар аз отырғаннан кейін кезекті жасы кіші Бекмұқанбетке беріпті. Үшеуінің қанша күй тартқаны белгісіз, ақыры Рақыш ұстара алғызып, сонымен өнерін көрсеткенде, ағайынды екеуі де оны қайталап тартып берген. Ақыры болмаған соң Рақыш аяғындағы етігін шешіп жіберіп, бас бармағымен күйін шерткенде Нұрмұқанбет пен Бекмұқанбет домбыраларын алдарына қойған деседі көрген ел.

Рақыштың тағы бір мықтылығы Қытайдың Құлжа қаласында өткен үлкен өнер сайысында танылуы. Күй сайысына қазақ пен қырғыздың неше бір дүлдүл күйшілері қатысып, бақтарын сынағанда Рақыш күй тартудың зәңгі деген атағын иеленуі — мықты күйші болғандығы. Күйшінің шеберлігіне сүйсінген әділқазылар алқасының бірі: «Сіздің осы өнеріңізді жалғастыратын адам бар ма?» деп сұрағанда Рақыш үндей алмапты. Сонда әлгі кісі Рақышқа кейіген кейіппен: «Сен өлсең бұл өнердің бәрі өзінмен бірге кетеді-ау» деп реніш білдіріпті. Осыдан кейін Рақыш балаларына әкесі Қожекенің және өзінің күйлерін үйретіп, домбыраға баулып жатыр дегенді еститінбіз, — деп қария қолына қайта домбырасын алды да құлағын бұрап, әңгімесін күймен өрнектеді. Күй шертіліп тартылып, домбыра бұлбұлша сайрады. Кәдімгі бақта

сайраған бұлбұлын өзі, құстың табиғи даусы домбыраның шанағына қонғандай тартылды. «Бұл Рақыштың «Бұлбұл» деген күйі» — деді қария.

— Ал мына күй қызай Тілемістікі. Тілеміс Қытай жерінде ел құрметіне бөленген кісі. Күйшілік өнерімен де елге танылған. Оның күйлерін ел көп тартатын. Сол күйшінің бір күйін тартайын, — деп қайтадан күйге кезек берді. Мұқан қария домбыра тартып отырып, қағысында бір ерекшілік бары әр күйінде байқалып жатса, өзінше түрленіп тартылуы да ойға қалдырды.

— Патшалық Ресейдің отарлау саясатына қарсы шығып, ел тәуелсіздігі үшін жанын пидаеткендер Жетісу жерінде аз болмаған. Соның бірі — Шалтабай. Заманында батыр, ақын, күйшілігімен елдің есінде қалған Шалтабай патшалық Ресейдің үстемдік әрекетіне ағасы Саурықпен бірге қарсы шығып, бірге соғысқанын қариялар жиі айтып отырушы еді. Құрығы ұзын ақ патша Шалтабайды Құлжа жақтан ұстап, Сібірге айдайды. Айдалып бара жатқан күйші Шалтабай туған елімен, жерімен қоштасып, өлең мен күй қалдырғанын елден естіп өстік. Ал атақты күйші Қожекенің Шалтабайдың ұсталғанын естіп, күй де арнапты. Бекер адамға күй арнау тегін емес-ау деп ойлаймын. Ел арасында Шалтабайдың өлеңдерін айтатын, күйін тартатындарды бала кезімізде көрдік. Қазір Шалтабайды білетіндер қалмады-ау. Сол Шалтабайдың «Елмен қоштасу» күйін тартайын, — деді қария.

Күй көкейдегі арман мен мұңды, туған ел мен жерге сүйіспеншілік сарындағы ырғақпен тартылды. Мұқан қария бұдан кейін қызай Әшімнің шертпесі «Жігіт арманы» және қызылбөрік Бөлтіріктің «Әуенін» тартып, күйдің шертпесі мен төкпесін төкті.

Осы күні Мұқан қариямен әңгімеміз жарасып, бұрын соңды естімеген күйшінің

күйлеріне қанықсақ, өзінің шығарған екі күйін де орындап берді. Күйді тартпастан бұрын өзі жасаған шағын домбырасын қолына алып, аз бөгеліп алды. Бұл екі күйдің бірін інісіне арнаса, екіншісін қызына шығарған екен. Домбыра шанағындағы үн аштырақ шығып, көңілдің толқуы мен сағыныштың ырғақтары ойналды. Қағыс бірде шертілсе, бірде төгіліп, жүректегі толғаныс құдіретіне тіл бітіріп жібергендей болды. Бұдан кейін Мұқан қария «Қызайдың шертпесі» деген күйді шертіп, көңілді бір толқытты. Күйдің авторын ұмытып қалғанын айта келіп, бұл күйді Албан руының ішіндегі Жамбаба атадан тарайтын Бақай деген кісіден үйренгенін жеткізді.

Мұқан Нұрсалдықов қариямен болған осы әңгімемізге 30 жылдай уақыт өтіпті. 1987 жылы 73 жасында қайтыс болған қарияның дауысы мен тартқан күйлерін магитофон таспасына жазып алуым, өткен уақыттан бір мұра болып қалды. Таспадағы әңгіме мен күйдің құндылығы жыл өткен сайын анық білінді. Себебі осы арқылы біз әлі де білмеген біраз күйшілерді таныдық, олардың мұраларын жеткізуші Мұқан Нұрсалдықов екені дәлел ретінде қалды.

Өнерді қашан да бағалай білген ел домбырасыз өмір өткізбегені белгілі жағдай. Сол жылдары бір ауылдағы Мұқан қария Зейнехан Құлабаева деген келіншекпен күй жарыс ұйымдастырыпты. Бірақ бұл отырыста кімнің жеңіп, кімнің жеңілгенін екі күйші де айтпаған. Олар бірін-бірі жоғары бағалайтындықтарын әңгіме етіп, көп жылдан бері хабарсыз жүргендіктерін білдік.

Жалпы Мұқан қария Рабатты және Қожекені мен оның баласы Рақыштың асқан күйші болғандықтарын жоққа шығармайды. Ал өзінің домбыра жасаудағы өнері де өз алдына бір әңгіме екен. «Аспаптың құдіреттілігі ағашынан» дейді қария. Тал мен қарағаш және аршадан жасалған домбыраның үні ұяң келсе, қарағайдан жасалған домбыраға домбыра жетпейді екен. Ал ішек пен перненің де өзіндік артықшылығы бар.

Мұқан 1930-шы жылдардың ашаршылық кезеңінде ата-анасымен Қытайға кетіп, 1959 жылы өзі туып өскен Алматы облысындағы Райымбек ауданына қарасты Сарыбастау ауылында колхозда әртүрлі жұмыстар істегенін көзіміз көрді. Ал оның керемет күйші екенін ауылдағылар мойындағанымен, өнерін бағалайтындардың болмауынан елеусіз қалған. Бұған себеп, колхозы жұмысы Мұқанды алысқа ұзатпауынан. Біз таспаға жазып алған Мұқанның 10 күйі Жетісу мен оған іргелес жатқан Қытайдың Іле Қазақ облысындағы қазақтардың күйшілік өнерінен мағұлмат береді. Сонымен қатар қарияның да құры қол еместігін дәлелдейді. Табиғатынан жауы Мұқан Нұрсалдықовтың тағы бір ерекшелігі — менмендігі жоқтығы, асыптасып, білгендігін мақтана дәріптемеген. Сол қарапайымдылығынан ол көпке танылмай қалды. Бізден де бұрын ауылдағы кісілер қарияның тартқан күйлерін магнитофонға түсіріпті. Алайда ол күйлерді біз таба алмадық.

Академик Серік Қирабаев ел газеті «Егемен Қазақстанда» жарияланған «Баянды бақыт» атты мақаласында: «Күні бүгінге дейін отыз том көлемінде көркем шығарма жазып, жарыққа шығарған Сәбит шығармашылығы біздің ұлттық әдебиетіміздің бағалы үлгілерінің бірі» деп жазды. Аға сыншының сөзінен бастау алған Сәбит Досановтың Алматыдағы шығармашылық кеші тағылымы мол аса тартымды кеш болды.



Кеш шымылдығы Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдікалықованың құттықтау хатымен ашылды. Бірінші болып сөз алған мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Олжас Сүлейменов қаламдас досын күні кеше жазып бітірген жаңа шығармасымен құттықтады. Алыстан ат арытып келген Әзірбайжан жазушысы Эльхан Зал Каракан С.Досановтың әзірбайжан тілінде

ӨМІР ТУРАЛЫ ОЙ ӨРБІТКЕН КЕШ

жарық көрген таңдамалы шығармалар жинағының бір томдығын тарту етіп, Әзірбайжанда қазақ қаламгерінің алдағы жылы 80 жасқа толатын мерейтойына әзірлік басталып кеткенін хабарлады.

Түркиялықтар сәлемін Эльчин, қырғыз бауырлардың ыстық ықыласын Мархабай Ааматов, өзбек туыскандар құрметін жазушы Мехмонқұл Исламқұлов пен Өзбекстанның бас консулы Аброр Фату-

лаев, өзбек театрының директоры Икрам Хошимжанов, жазушының туған өңірі қостанайлықтар құттықтауын облыс әкімі Архимед Мұхамбетов пен Аманкелді ауданының әкімі Әмірхан Асанов атынан облыс әкімдігінің бөлім меңгерушісі Арман Әденов, Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбектің сәлемін қала әкімінің орынбасары Сұлтанбек Мәкежанов, Оңтүстік Қазақстан халқының ақжарма ак тілегін Нарзулла Оразымбетов, Жамбыл облысы жұртшылығы ыстық ықыласын Темірхан Әйменов жеткізді. Кеш иесін Жүргенов атындағы өнер академиясының ректоры Асхат Маемиров, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Өтеген Оралбайұлы, «Ақ жол» партиясы төрағасы орынбасары, «Қазақ үні» газеті Президенті, акын Қазыбек Иса т.б. құттықтады. Акын Мыңбай Рәш жырмен бата беріп, зейнеткер ұстаз Фатима Төребекова арнау өлеңін оқыды.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Меруерт Түсіпбаева, әнші, Фабит Мүсірепов театрының актрисасы Арай Болатқызы, әншілер Ғалымжан Әбдібеков, Өктем Алтаев әсерлі кешті әсем әнмен әрледі.

Бұл әдеби кеш қаламгерді мадақтаумен емес әдебиет, өнер жайлы сырласып, өмірдің өзекті мәселелері жайлы ой өрбітумен, тәуелсіздік туралы толымды ой толғаумен ерекшеленді.

qazaquni.kz

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұрлан ӘБДІБЕК (қоғам)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Астана тілшілер қосыны:

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:

Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:

Айтқын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БИЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:

Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:

Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:

Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:

Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

Түркістан облысы:

Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:

Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор –

Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарту бөлімі:

Алматыда:

Мағжан НҰРҒАЛИЕВ
(8-747-780-06-77)

Астанада:

Көбей ЖЕТІБАЙ
(8-775-665-74-10)

Шымкентте:

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)

дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат

министрлігінде 19.12.2012 жылы тіркелген.

Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік

№1270-Г, 01.08.2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқа-

расы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайта-

рылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап

береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жа-

салуы шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары

пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер

орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 000

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:

8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com

www.qazaquni.kz

Кезекші редактор –

Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784

ИИК KZ508560000000385541

АГФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында

басылды. Алматы қ., С.Мұқанов к., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген



Құттықтаймыз!

Жапырақтарыңыз жайқала берсін!

Ардақты әке-шешеміз Бағдат пен Жұмагүл өмір бойы қол ұстасып, бірге келе жатқандай, бас-аяғы бір айдың ішінде бір-бірін қуып жетіп, екеуі де асқаралы Алпыстың асуына шығып отыр. Жазиралы Жаркенттің қоңырсалқын Қоңырөлең ауылында анамыз 35 жыл шәкірт тәрбиелеп, ұлағатты ұстаздық етсе, әкеміз ауыл шаруашылығында жауапты қызмет етті. Елге еңбек сіңірген екеуі де қазір құрметті зейнеткер. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып отыр. Тәлім беріп, тәрбиелеп өсірген бес баласы қазір өмірдің әр саласында жемісті еңбек етіп жүр. Әке-шешеміз бүгінде асыл ата, әзіз әже болып, немерелерін бағып-қағуда.

Біз әке-шешемізге әрдайым балаларыңыздың қызығын көріп, бейбіт күн мен сәбилер күлкісінің шуағына бөлене беріңіздер дейміз. Шаңырақтарыңыз шаттық пен шапағатқа

шалқи берсін! Сіздердей саялы бәйтеректің саясында ұл-қыздарыңыз да жұлдыздарыңыз болып, жарқырай берсін! Жапырақтарыңыз жайқалып, тамырларыңыз тереңдей берсін деп тілейміз. Алла жар болып, жүздеріңіз жарқын күйде Жүзге жетіңіздер!

Құтты болсын асулы Алпысыңыз!
Алпыс деген арайлы тал түсіңіз!
Балалардың бөленіп қызығына,
Жақсылыққа арнасын бар күшіңіз!
Құтты болсын асулы Алпысыңыз!

Зор құрметпен, балалары – Қуаныш, Айдын, Аяулым, Айжан, Ердос, келіндері – Самал, Гүлстан, немерелері – Айбын, Ерасыл, Айсұлу, Іңкәр, Альбина, Әмір, Айша, Әмина, Мәриям және ағайындары.



ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ - «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72	6 ай	қала	2275,44	12 ай	қала	4550,88
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58	6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32